Машина, қызанақ, балға, қуыршақ, пирамида, шеге, кесе, табак, орамал ойыншықтары беріледі. Ойыншықтарды бір бөлек жинап, топтау қажет.

Қол, саусаққа арналған жаттығулар:

Орындық, Қайшы, Мысық, Шырша, Доп қолмен орындау.

Қорытынды: Сұрақ-жауап

Бүгін не туралы айттық?

Ойыншықтар неден жасайды?

Ойынның балаларға әсері?

Балаларды мадақтау. Бүгін немен таныстық?

Ойыншықты құртпаймыз

Күтіп бағып ұстаймыз

Ержеткенде ойыншықты

Кішілерге сыйлаймыз

Қазан айы II-апта

Сабақтың тақырыбы: Күз сыйы. Удыбысы

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік: күз мезгілінің ерекшеліктерімен, табиғаттағы өзгерістерімен таныстыру, адамдардың күзгі еңбегі туралы айту

Түзету-дамытушылық: сөзді түсінуі, фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, артикуляциялық жаттығуларды орындату. У дыбысын буында, сөзде, сөйлемде анық айтқызу.

Түзету-тәрбиелік: өсімдіктерді күтіп-бағуға, қамқорлықпен қарауға үйрету

Әдістері: әңгімелеу, сөйлемдер құрау, дауыс ырғағына жұмыстану

Көрнекілігі: жапырақтар, көркем суреттер, түрлі мулляциялар.

Сабақтың барысы:**Ұйымдастыру кезеңі:**

Баламен сәлемдесу

Армысың алтын күн

Армысың жер аспан

Күліп шықты күн бүгін

Қуанып шаттанайық кел бүгін.

Назарларын сабаққа аудару, зейінін тоқтату

Қазір жылдың қай мезгілі?

Қазір жылдың күз мезгілі.

Күз айларын ата?

Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша

Бүгін ауа-райы қандай?

Бүгін ауа-райы салқын.

Ендеше біз бүгін Күз сыйы деген тақырыппен танысамыз.

Күз сыйы дегеніміз бұл табиғаттың шексіз байлығы боп саналатын күз мезгілінің ерекшелігін алуан түсті жапырақтар мен ауа-райының ерекшелігін білдіреді.

Фонематикалық түсінігі:

Әр түрлі сөздер айтылады: жау, жаңбыр, жауын, уық, тауық, шуақ.

Сөздердің бірінші дыбысын ата: Ж, Ж, Ж, У, Т, Ш

Осы сөздердің ішінен у дыбысын естігенде қолыңды көтер.

Дауыс ырғағына жұмыстану:

Алма пісті

Алмұрт пісті

Алша пісті

Қияр пісті

Қарбыз пісті

Қауын пісті

Қандай күшті

Жидектердің

Жейміз бәрін. Асықпай анық, қайталап айтқызу

Артикуляциялық жаттығулар:

Жылан, Жалпақ тіл, Барабан жаттығуын айна алдында орында

Дидактикалық ойын: «Сен жасыр, біз айтамыз»

Түрлі көкөністер мулляждарын ортаға қойып, бір бала артына жасырып ұстайды. Екінші баланың көзі байлау қажет. Бала орнынан тұрып, мулляжды қолымен сипап сезіп, атын атайды

Суреттер бойынша сөйлем құрау:

«Күз» (бала өз бетінше сөйлем құрайды.)

Сұрақ-жауап:

Күз мезгілінің белгілерін ата? Күзде ауа-райы бұзылады. Жапырақтар сарғаяды. Жаңбыр жауады.

Сергіту:

Тербеледі ағаштар

Алдымнан жел еседі

Кіп-кішкентай ағаштар биік болып өседі

Өз бетінше әңгімелеу:

«Күз» көркем суреттер бойынша әңгімелеу

Қорытынды: Күз туралы айт?

Күзде ауа-райы қандай болады?

Мадақтау. Қоштасу

Қазан айы III-апта

Сабақтың тақырыбы: Көкөністер. Ү-Ү дыбыстары

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік: жемістерге байланысты жұмбақтың шешуін табуға, шешімін анық, дұрыс таза айтуға үйрету

Түзету-дамытушылық: сөзді түсінуі, фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, артикуляциялық жаттығуларды орындату. Ү-Ү дыбыстарын буын, сөз, сөйлем ішінде анық айту.

Түзету-тәрбиелік: көкөністерді күтіп бағуға қамқорлық, жасауға тәрбиелеу.

Әдістері: сұрақ жауап, дауыспен жұмыстану

Көрнекілігі: көкөністер мулляждары

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлемдесу:

Кел балалар күлейік

Көңілденіп жүрейік

Балдырғанбыз демейік

Білім сырын білейік

Логопед: Көкөністер-бақшала өседі.Көкөніс денсаулыққа пайдалы.сәбіз, шалқан, пияз, картоп, аскабак.Көкөністерде дәрумендер өте көп.Көкөністерді адамдар егін өсіріп,күтеді.

Жұмбақтарды шешу

Қабат-қабат киінген

Төбе шашы түйілген

Шешіндірген кезінде

Жас келеді көзіңе **(пияз)**

Тігіп алып көк шатыр,

Қызыл күрең доп жатыр **(қызылша)**

Түбі толған домалақ

Түбі толған құмалақ **(картон)**

Бақшадан жер қазып

Жинап алдым жез қазық **(сәбіз)**

Жерге қазық қақтым

Басына айдар тақтым **(Сәбіз)**

Әрі қызыл, әрі тәтті

Балалар алма мен сәбіз неге жатады? Баланың жауабы тыңдалады.

«Заттарды топтастыр» ойыны

Жемістер мен көкөністерді араластырып тасталынады.Оларды екі себетке теріп алу қажет.

Одан соң атап айту керек.

Фонематикалық түсінігі:

Ү-Ү дыбысын логопед артынан қайталап айт.

Сөздер айту:ұшақ, құрма, құбыр, үй, үш, түлкі, үкі, күлкі анық айту.Осы сөздердің ішінен ү-ұ дыбыстарын тауып атау.

Артикуляциялық жаттығулар:

Сағат, Тәтті шырын, Саңырауқұлақ, Мысық жолға шықты жаттығуын айна алдында орындау

Сергіту сәті:

Бақшасында атамның

Көкөністер көп екен

Теріп, жинап аламыз

Себеттерге саламыз

Пияз, картоп, қызылша

Түйнек, сәбіз, қызанақ

Орамжапырақ қиярлар,

Шалқан болса тағы бар.

Дидактикалық ойын: «Сен жасыр, біз айтамыз»

Түрлі көкөністер мулляждарын ортаға қойып, бір бала артына жасырып ұстайды. Екінші баланың көзі байлау қажет. Бала орнынан тұрып,мулляжды қолымен сипап сезіп, атын атайды

Тыңдау қабілетіне тапсырма: «Телефон»Логопедтің соңынан дұрыс қайталау

Са-цо-цу

Ас-сп-оң

Са-ца-цу-сы

Цемент, цирк, концерт

Сериялы суреттермен жұмыс:

Екі бөліктен тұратын сериялы суреттерден сөйлем құрастыру

Сөзжұмбақты шешу: Плакатқа көркем суреттер жалпырылады, бала атап береді, логопед бос көздерге жазып шығады.шабдалы, сәбіз, картоп, қауын, шие, алма, банан.

Қорытынды:Қандай көкөністерді білесің?

Баланы мадақтау. Қоштас

Қазан айы IV-апта

Сабақтың тақырыбы: Жемістер, К-Қ дыбыстары

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік: жемістер атауын анық айтуға, атауға үйрету

Түзету-дамытушылық: сөзді түсінуі, фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің

грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін

дамыту, артикуляциялық жаттығуларды орындату. К-Қ дыбыстарын буын, сөз, сөйлемдер арасында анық айтуға үйрету.

Түзету-тәрбиелік: дәрумендердің пайдасы, оларды қолдану әдістері, тазалық сақтау.

Әдістері: сұрақ-жауап

Көрнекілігі: жемістер мулляжы

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Баламен сәлемдесу

Кел балалар күлейік

Көңілденіп жүрейік

Балдырғанбыз демейік

Білім сырын білейік

Логопед: Жемістер адамға өте пайдалы. Олар адамның дамуына денсаулығына пайдалы. Жеміс жидектердің дәмі әр түрлі болады.

Фонематикалық есту қабілетін дамыту:

Сөздерді айту: күріш, қыз, қасық, күн, күлімде, қуыршақ, қазан, күрте, күнделі, көлік т.б.

Сөздің бастапқы дыбысын ата: К, Қ дыбыстары

Сөйлемдер құрастыру: «Бақта»

Екі бөліктен тұратын көркем суреттер ұсынылады. Соған қарап 2 сөйлем құрастыру.

Жұмбақ жасыру:

Әрі қызыл, әрі тәтті

Татқан жанды таңырқатты (Алма)

Жұлып едім жүзімді,

Жүзі бірден үзілді,

Жүзін де жеп қойыппын.

Өзім әбден тойыппын (Жүзім)

Балалар алма мен сәбіз неге жатады? Баланың жауабы тыңдалады.

Логопед: жемістер бағалы тағам. Оның құрамында өте сіңімді дәрумендер бар

Сұрақ-жауап:

Жемістер туралы өз сөзіңмен айтып бер.

Артикуляциялық жаттығулар:

Сағат, Тәтті шырын, Саңырауқұлақ, Мысық жолға шықты жаттығуын айна алдында орындау

Сұрақ-жауап

Жемістер туралы өз бетіңше әңгімелеп бер

«Бір сөзбен қалай атаймыз?» ойыны

Жемістер мен көкөністерді араластырып тасталынады. Оларды екі себетке теріп алу қажет.

Одан соң атап айту керек.

Логопед артынан жемістер атауын дауыстап анық қайталап айту. Алма, жүзім, лимон, банан, апельсин, шабдалы, шие т.б.

Сергіту сәті:

Алма баққа барайық

Алма теріп алайық

Ең үлкенін дәмдісін

Досымызға сыйлайық

Дидактикалық ойын: «Не қайда өседі?»

Логопед жемістерді айтып отырады. Бала жауап беру керек. Егер жауап дұрыс болмаса, аяқтарымен жерді тарсылдатады. Егер жауап дұрыс болса, онда қолдарын шапалақтайды?

- Алмұрт қайда өседі? (Ағашта)
Жүзім қайда өседі? (Теректе)
Қауын тауда өседі? (Аяқтарымен жерді тарсылдату)
Сәбіз талда өседі (Аяқтарымен жерді тарсылдату)
Қызанақ жерде өседі? Қол шапалақтау
Құлпынай суда өседі т.б (Аяқтарымен жерді тарсылдату)

Қорытынды: Бүгін немен таныстық?
Жемістерді ата?

Қараша айы I-апта

Сабақтың тақырыбы: Менің қайырымды көмекшілерім Ы-І дыбыстары

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік:жалпы түсінік беру.

Түзету-дамытушылық:сөзді түсінуі,фонематикалық түсінігін қалыптастыру,сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру,байланыстырып сөйлеуін дамыту,артикуляциялық жаттығуларды орындату.Ы-І дыбыстарын анық айту.

Түзету-тәрбиелік:гигиена талаптарын күнделікті орындауға үйрету

Әдістері:әңгімелесу, ойын

Көрнекілігі:көркем суреттер

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Амандасу

Арайлап таң атты

Алтын шуақ таратты

Қайырлы таң, алтын күн

Қайырлы таң көк аспан

Баланы жайғастыру.Шнуровкамен жұмыс.Сабаққа дайындық.

Логопед:Адам денесі өте күрделі.Дене арқылы арқылы біз қызмет етеміз.Ден мүшелері боздің көмекшілеріміз. Солардың көмегімен біз ойланамыз,көреміз, естіміз, жүреміз.Адам дене мүшелеріне бас, мойын, қол,саусақ, аяқ, кеуде, қарын, нық жатады.Адам баспен ойлайды, көзбен көреді, мұрымен дем алады,кұлақпен естиді,қолмен, аяқпен қимылдар жасайды.Міне, осының барлығы да қайырымды көмекшілеріміздің арқасында жасай аламыз.

Сөзді түсіну: Мен атаған дене мүшелерін жеке-жеке көрсет. Бас, көз, мұрын, құлақ, аяқ, қол.

Фонематикалық түсінігі: «Мүкнит тыңда» ойыны

І дыбысы бар сөзді естігенде қолыңды шапалақта. Ілгіш, сағат, ілік, аспан, ілтек, аққу, ірімшік

Ы дыбысы бар сөздерді естігенде қолыңды шапалақта. Ыдыс, нан, ысқырғыш, сүт,

Ыбырай, ысы, жаңбыр, ысқырғыш.

Артикуляциялық жаттығулар:

Футбол, Саңырауқұлақ, Инс, Жалпақ тіл

Сөйлем құрастыр:

Көз, бас, құлақ сөздерінен сөйлем құрастыр

«Суретші нені ұмытты» ойыны

Бейнеленген көркем суреттегі жетіспейтін дене мүшесін табу ұсынылады.

Сұрақ-жауап: Сериялы суреттер

Үш бөліктен тұратын сериялы суреттер бойынша әңгімеле

Сергіту сәті:

Ұзын құлақ сұр қоян

Естіп қалып сыбдырды

Ойлы-қырлы жерлермен

Ытқып-ытқып жүгірді

Қарап еді артына

Қиығын сап көзінің

Келе жатқан томпадан

Көжегі екен өзінің (дене мүшелерінің қимылымен орындау)

Караша айы II-апта

Сабақтың тақырыбы: Пішіндер Ж-З дыбыстары

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік: пішіндер туралы түсіндіру, оларды ажырату

Түзету-дамытушылық: сөзді түсінуі, фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, артикуляциялық жаттығуларды орындату. Ж-З дыбыстарын қатыстырып сөйлемдер құрастыруды үйрету.

Түзету-тәрбиелік: қоршаған ортамен таныстыру, айналадағы заттарды ажырата және ұқсастыра білу және ой өрісін жетілдіру

Әдістері: өздігінен жұмыс істеуге машықтандыру

Көрнекілігі: түрлі-түсті пішіндер

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Амандасу

Қуан шаттан

Қуан күн

Қайырлы таң

Қайырлы күн

Логопед: Балалар, жылдың неше мезгілі бар?

Жылдың төрт мезгілі бар

Жыл мезгілдерін атап берші?

Күз, қыс, көктем, жаз

Аптада неше күн бар?

Апта күндерін атап берші?

Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма

Ал балалар сендер геометриялық пішіндерді білесіңдер ме?

Үшбұрыш, төртбұрыш, сопақша

Ертегі баяндау: «Үйшік»

Бүгін мен сендерге «Үйшік» ертегісін айтып берейін. Ендеше мұқият тыңдайық.

Бұл ертегі ерекше ертегі. Тақтаға үйшіктің, үшбұрыштың суреті қойылады. Күзгі орманда биікте емес бір үйшік болыпты. Сол үйшікке қарай, бір үшбұрыш жақындап келеді. Оның үйшікке қатты кіргісі келеді. Бірақ есікте құлып тұр екен.

Ей құлып, жылдам ашыл! Мен үйшікке кіргім келіп тұр, дейді үшбұрыш.

Сиқырлы дауыс

Сен кімсің?

Егер үшбұрыш сөйлей алған болса, өзі жайлы не айтар еді?

Мен үшбұрышпын. Менің түсім қызыл. Менің үш қабырғам бар.

Мен неге ұқсаймын-дейді.

Үйдің шатырына. Ендеше жұмбақты шешейік.

Жұмбақ жасыру:

1. Атына сай балалар,

Үш бұрышы, үш жағы бар

Ол пішінді кім табар?

Ол үшбұрыш. Дұрыс

Неге үшбұрыш дейміз. Себебі оның үш бұрышы бар. Оның түсі қандай? Сары.

Алдарыңдағы үшбұрышты көрсетіндер.

Үшбұрыштар неге ұқсайды? Үйдің шатырына, тұмарға.

2. Төрт бұрышы бар,

Төрт қабырғасы бар.

Бұл қай пішін? Төртбұрыш.

Төртбұрыш неге ұқсайды? Терезеге, есікке, жастыққа, тақтаға

Алдарыңдағы пішіндерден төртбұрышты көрсетіндер. Оның түсі қызыл.

3. Өзі допқа ұқсайтын

Ерекше бір пішін бар

Атын оның атаңдар. Дөңгелек.

Оның түсі көк.

Ол неге ұқсайды? Допқа, дөңгелекке, алмаға. Дұрыс.

Енді алдарыңдағы пішіннен дөңгелек пішінін табыңдар.

Фонематикалық түсінігі:

Жаз сөзінің бастапқы дыбысын айт. Жаз сөзінде неше дыбыс бар. (үш дыбыс бар)

Артикуляциялық жаттығулар:

Түтікше, Пя-пя-пя жаттығуы

Сергіту сәті:

Ал, балалар тұрайық

Үшбұрыш біз кұрайық

Шеңбер болып айналып,

Көңілді біз болайық

Бір сөзбен қалай атаймыз:

Пішіндер суреттері үлестіріледі. Пішіндерді құрастыр.

Сөйлем құрау:

Пішіндер атауынан төрт сөйлем құрастыру. Үй үшбұрышқа ұқсайды. Терезе төртбұрышқа ұқсайды

Қорытынды: Балалардың жұмысын талдап, мадақтау.

Қолтасу

Қараша айы ІІІ-апта

Сабақтың тақырыбы: Түстер Н-Ң дыбыстары

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік:түстерді менгерту,түсінік беру

Түзету-дамытушылық:сөзді түсінуі,фонематикалық түсінігін қалыптастыру,сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру,байланыстырып сөйлеуін

дамыту,артикуляциялық жаттығуларды орындату.Н-Ң дыбыстарын анық айту

Түзету-тәрбиелік:дұғыну, жауапкершілік машықтарын қалыптастыру

Әдістері:әңгімелесу

Көрнекілігі:көркем суреттер, ойыншықтар

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Амандасу

Біз қандаймыз, қандаймыз

Шұғылалы тандаймыз

Күлімдеген күндейміз

Ережені ұмытпай

Дұрыс,анық дыбыстап

Дыбыстарды ренжітпей

Бәріміз дұрыс сөйлейміз

Ренжуді білмейміз

Балалар бүгін бізге Дымбілмес қонаққа келді.Мыстан кемпір оның бояуларын алып кетіпті.Мыстан кемпір Дымбілмеске тапсырма беріпті..Дымбілмес оны орындаса ғана, Мыстан кемпір оның бояуларын береді екен.Ал Дымбілмес бояудың түстерін ажыратуы қажет екен. Балалар біз Дымбілмеске көмек етеміз ба?

Ия. Жарайды. Онда ше біз алдымен тіл жаттығуын орындайық.

Артикуляциялық жаттығулар:

Күрекше, Ат шауып келеді.Төбешік.Саусак жаттығуы.

Логопед: Бояуларды қолына алып, түстерін атайды.Қызыл, жасыл, көк, сары, ақ,қара

Фонематикалық түсінігі:

Түстер атауын айту: қызыл, жасыл, ақ, сары, көк сөздерінің бастапқы дыбысын айту
Сөздердің соңғы дыбысын табу.

Дауыстан айту: сары, көк, қара сөздерін айт.

Ал балалар біз Мыстан кемпірдің тапсырмасын орындап, Дымбілмеске көмектесейік.

Көк түстің тапсырмасы:Қызыл мен сары түсті ойыншықты көрсет.

Сары түстің тапсырмасы:Пирамида ойыншығындағы жасыл түсті көрсет және ауызбен айт

Ақ түстің тапсырмасы:қызыл, жасыл, көк сөздерін анық айт.

Сериялы суреттермен жұмыс:

екі сөзден тұратын сөйлем құрастыр. Қызыл дом. Сары гүл.

Әңгімелеу барысы:

Түстер бойынша өз сөзімен әңгімелеу. Бала сурет салады.

Сергіту сәті:

Мынау-сары қарындаш

Мұнымен күнді бояймын

Мынау -қоңыр қарындаш

Мұнымен құмды бояймын

Мынау-жасыл қарындаш

Мұнымен гүлді бояймын.

Мынау- көк қарындаш

Мұнымен суды бояймын.

Балалар өте жақсы. Сендер барлық тапсырмаларды орындадыңдар. Енді Мыстан кемпір Дымбілмеске бояуларын қайтарып беретін болды.

Балалар сендерге рахмет.

Қол ұстасып тұрайық

Шеңберді біз құрайық

Көріскенше күн жақсы

Сау саламат болайық!

Қорытынды: Балалар бүгін бізге кім келді?

Мадақтау

Қараша айы IV-апта

Сабақтың тақырыбы: Азық-түлік тағамдар С-Ш дыбыстары

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік: азық-түліктің пайдасы, жалпы түсінік беру

Түзету-дамытушылық: сөзді түсінуі, фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту,

артикуляциялық жаттығуларды орындату. С-Ш дыбыстарын анық айтқызу

Түзету-тәрбиелік: азық-түлікті дұрыс пайдалану, ысырап қылмау, тағамдарды қастерлеу.

Әдістері: әңгімелесу

Көрнекілігі: тіл жаттығуларының суреттері, пирамида, айна, орамал, көркем суреттер.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Амандасу

Баланың зейінін шоғырландыру

Азық-түлік туралы айтылады.

Артикуляциялық жаттығулар:

Мысық, Күрекше, Дөңгелек, Тоқылдақ

Сөзді түсіну:

Көркем суретпен жұмыс. Мына суреттерден азық-түлік тағамдарды көрсет.

Фонематикалық түсінігі:

Нан, сүт, шай сөздерін анық айту. Аталған сөздердің ішінен «ван» сөзін естігенде қолыңды көтер. Аталған сөздердің бірінші дыбысын ата.

С-Ш дыбыстарын дұрыс айтамыз:

Ас-аш аса-аша аста

Ос-ош асо-ашо ашна

Ус-уш асу-ашу

Сериялы суреттермен жұмыс:

Дүкен» суреті бойынша үш сөйлесім құрастыру

Мен дүкенге бардым. Дүкеннен нан алдым. Дүкенде түрлі тағамдар бар

Әңгімелеу барысы:

Сөрсіндегі заттардың атауын атап бер. (Алма, нан, сүт, айран, май т.б.)

Көркем суреттер бойынша әңгімелеу:

Баланың алдына көркем суреттерді беру арқылы әңгімелету

«Керісінше» ойыны:

Са-ша, шу-су

Ше-се, си-ши

Со-шо, шы-сы

Сергіту сәті:

Шаңғышылар

Серуенге шығамыз
Шаңғымен сырғанаймыз
Он жаққа бұрыламыз
Сол жаққа бұрыламыз
Түрлі азық-түліктер суреттері бейнеленген, үлестірмелі карточкаларды береледі
(Азық-түліктер немесе тағамдар)
Қорытынды: Балалар бүгін бізге кім келді?

Желтоқсан айы I – апта

Сабақтың тақырыбы: Тағам түрлері. Л дыбысы

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік: тағам түрлерімен таныстыру

Түзету-дамытушылық: сөзді түсінуі, фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, артикуляциялық жаттығуларды орындату. Л дыбысын анық айтқызу.

Түзету-тәрбиелік: тағамдарды қастерлеу

Әдістері: әңгімелесу, сұраққа жауап беру

Көрнекілігі: тағамдардың суреттері, муляждар

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлемдесу. Сабаққа дайындық

Түсіндірме жұмысы:

Тағам түрлері өте көп. Ұннан, жемістер мен көкөністерден, сүттен, еттен жасалатын тағамдар бар. Олар адам ағзасына қажетті дәрумендер береді. Адамдардың барлығы да осы тағам түрлерін қолданады.

Артикуляциялық жаттығулар:

Алтыбақан, Кесе, Тәтті шыршын жаттығуларын дұрыс орындау.

Фонематикалық түсінігі:

Л дыбысын қайталап айтқызу, лақ, қала, тал, алма, сал, бол, ал сөздерін қайталап айтқызу

Үлестірмелі суреттермен жұмыс:

үш-төрт сөзден тұратын сөйлем құрастыру

Әңгімелеу барысы:

Асханада. өз сөзімен әңгімелеу

Сергіту сәті:

Қорбандаған аюдың

Құлпынайы көп екен

Теріп-теріп алайық

Қалтамызға салайық

Тіл ұстарту жаттығуы:

Ой-ой-ойын

Қо-ко-қойын

Ос-ос-қос

Ол-ол-қол

Бо-бо-бой

То-то-той

Ұйқасын тап:

Ла-ла-ла балалар соқты аққа-ла

Ұл-ұл-ұл сайрайды орманда бұл-бұл
Ал-ал-ал таудан соккан сам-ал
Ыл-ыл-ыл көркем біздің ау-ыл

Бұл не? Дәмі қандай?

Жемістер муляждары балаларға ұсынылады. Балалар жемістердің түсін, дәмін ажыратып, не екенін айту қажет.

Қорытынды: Бүгін немен таныстық?

Тағамдар деп нені айтамыз?

Желтоқсан айы II-апта

Сабақтың тақырыбы: Киімдер. Л-Р дыбыстары

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік: киімдер атауымен таныстыру

Түзету-дамытушылық: сөзді түсінуі, фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, артикуляциялық жаттығуларды орындату. Л-Р дыбыстарын буында, сөзде, сөйлемде анық айтқызу

Түзету-тәрбиелік: киімді күтіп кию, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу

Әдістері: әңгімелесу, сұраққа жауап беру

Көрнекілігі: киімдер

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Амандасу

Логопед: Киім адамға не үшін керек? Көркем суреттерден киімдерді көрсетіп айтады. Сыртқа, ішке арналған киімдерді спорттық киімдерді атайды және көрсетеді. Сонымен қатар әр жыл мезгіліне киетін киімдерді ажыратып береді.

«Суреттер бойынша киімдер атауын ата:

Көркем суреттер үйлестіріледі. Суреттерді балалар атап айтады.

Логопед: көркем суреттер бойынша атайды, бала оны көрсетуі тиіс. Ойын қайталанады.

Артикуляциялық жаттығулар:

Піл, Сағат, Тісімізді тазалайық

Фонематикалық түсінігі:

Лақ, ала, бал, сал, кол, қала, лас

Зымыран, радио, раушан, Жанар, рақым, қор, бор
сөздерін анық айту

Сергіту сәті:

Оң қолымда бес саусақ

Сол қолымда бес саусақ

Қосып едім екеуін

Болып шықты он саусақ

Әңгімелеу барысы:

Суретке қарап әңгіме құрастыру

Тіл ұстарту жаттығуы:

Ла-ла-ла-әлемі қа-ла

Ал-ал-ал тәтті ба-л

Ла-ла-ла мынау қо-ла

Заттарды топтастыруға арналған тапсырма: Бір сөзбен қалай атаймыз?

Көркем суреттер балаларға ұсынылады. Ол суреттерде бірнеше киімдер, ыдыстар, ойыншықтар, тағамдар бейнеленген. Бала бейнеленген суреттерді бір сөзбен айтуы керек.

Сериялы суреттерден сөйлем құрастыру:

Суреттер бойынша бес сөзден тұратын сөйлем айту.

Сабақты қорытындылау: Киім дегеніміз не?

Киім адамға не үшін керек?

Киімнің қандай түрлері бар?

Желтоқсан айы III-апта

Сабақтың тақырыбы: Ыдыстар Р дыбысы

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік: ыдыстар туралы түсіндіру

Түзету-дамытушылық: сөзді түсінуі, фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, артикуляциялық жаттығуларды орындату. Р дыбысын буында, сөзде, сөйлемде анық айту.

Түзету-тәрбиелік: тағамдарды қастерлеу

Әдістері: әңгімелесу, сұраққа жауап беру

Көрнекілігі: ыдыстар суреттері

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

I. Сәлемдесу

«Саусақтардың амандасуы»

Бес бармақ өзінің басқа саусақтардың атын атап амандасиды.

- Сәлеметсің бе, Балаң үйрек!

- Сәлем, Ортан терек!

- Амансың ба, Шылдыр шүмек!

Қалың қалай, Кішкене бөбек! Бес бармақ кезекпен барлық саусақтарға ұшын тигізіп амандасады.

II. Баланы түзете-дамыта оқыту қызметіне дайындау. Моншақты құрастыру

Ыдыстар туралы түсінік беру.

Әрбір ыдыс-аяқтың өзінің атқаратын қызметі бар. Ыдыстар-ас ішуге қолданатын үй құралдары. Кесемен шай ішеміз, құманмен шәй құямыз, пышақпен нан кесеміз, тәрелке тамақ саламыз. Олар ыдыстар. Оларды күнделікті үй шаруасында қолданамыз. Оларды жуып, таза ұстаймыз.

Артикуляциялық жаттығулар:

Барбан, Параход, жаттығуларын дұрыс орындау.

Фонематикалық түсінігі: «Тез, ойла» ойыны

Р дыбысынан басталатын сөз ойла: радио, ракета, рюбзак, раушан, Рамазан т.б

Жарайсың, өте жақсы.

Р дыбыс бар екі-үш буыннан тұратын сөздер айту.

Ы-дыс-тар, лак-тар, ра-дио, зы-мы-ран, бо-ран, ко-ра, ту-ра, ке-рі т.б

Сұрақ-жауап:

Ыдыстар қайда тұрады?

Олар не үшін қажет?

Ыдыстарды кім қолданады?

Логопед артынан буын ұйқасын дұрыс қайтала:

Ра-ра-ра рас ар-ар-ар-кар
Ро-ро-ро ром ор-ор-ор-тор
Ру-ра-ру-рух ұр-ұр-ұр-құрт
Ры-ры-ры-рыс ыр-ыр-ыр-отыр

Саусақтарға жаттығу

Құс, Шырша, отырғыш, шынжыр қол, саусақтармен орындату.

Сергіту сәті: Аюға «Р» дыбысын үйрету

Аю отыр партада
Екі қолы қалтада
«А» дейді, «Б» дейді
Р-ға тілі келмейді.

«Аз, көп» ойыны

Пышақ-пышақтар

Кесе-.....

Шәйнек-----

Құман-----

Шаньшықы-----

Ожау-----

Қасық-----

Септік шылауды қолдана отырып сөйлем құрастыру:

Бірге, кейін, соң

Мен анама бірге ыдыс жуыстым.

Кейін мен ойнауға барам. Мен сабақтан соң, кино қарадым

Сұрақтарға жауап беру.

Ыдыстар қайда жиналған?

Мынау қандай ыдыс?

Кесеге не құямыз?

Бір сөзбен қалай атаймыз?

Көркем суреттер үлестіріледі. Ыдыстар, киімдер, жемістер (зағтарды топтау)

Қорытынды: Ыдыстар деген не?

Оны неге қолданамыз?

Қошпау. Баланы мадақтау

Желтоқсан айы IV-апта

Сабақтың тақырыбы: Қыс мезгілі Т-Д дыбысы

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік: қыс туралы түсінік беру

Түзету-дамытушылық: фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, артикуляциялық жаттығуларды орындату. Сөздік қорын дамыту. Т-Д дыбыстарын буында, сөзде, сөйлемде анық айту.

Түзету-тәрбиелік: табиғатты деген сүйіспеншілігін арттыру

Әдістері: әңгімелесу, сұраққа жауап беру

Көрнекілігі: қыс туралы көркем суреттермен жұмыстану

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

I. Сәлемдесу

«Саусақтардың амандасуы»

Бес бармақ өзінің басқа саусақтардың атын атап амандасады.

- Сәлеметсің бе, Балаң үйрек!

- Сәлем, Орган терек!

- Амансың ба, Шылдыр шүмек!

Қалың қалай, Кішкене бөбек! Бес бармақ кезекпен барлық саусақтарға ұшын тигізіп амандасады.

II. Баланы түзете-дамыта оқыту қызметіне дайындау. Моңшақты құрастыру

«Қыс»

Жыл мезгілдерінің бірі қыс мезгілі. Қыс айында үш ай болады. Желтоқсан, қаңтар, ақпан.

Қыс мезгілі ерекше болады. Қыста қар жауады. Ауа райы аяз, боран болады. Қыс

мезгілінде адамдар күрте, тон, қалың киімдер киеді. Ағаштардың басына қар тұрады.

Табиғат өте тамаша, әдемі болады. Балалар қысқы табиғат аясында ойнағанды ұнатады.

Артикуляциялық жаттығулар:

Барбан, Параход, жаттығуларын дұрыс орындау. Ырғақты жаттығу Қаршаларды урлеу,

Қолдарымызды жылытайық, саусақ жаттығуларын орындау.

Фонематикалық түсінігі:

Қыс сөзінде қандай дыбыс естіледі. «Қ» дыбысы естіледі. ҚҚҚҚ анық айтқызу

Буындарды дұрыс қайтала:

Та-да-та

«Сөйлемді жалғастыру»

Қыс көрінісінің суреті.

Логопед сурет бойынша сөйлемді бастайды, ал бала мазмұнына байланысты сөйлемді аяқтайды. Суретте қыс мезгілі бейнеленген. Балалар қармен ойнап жүр. Т.б.

Жұмбақтар: Қыс туралы

Қыста ғана болады

Ұстасаң қолың тонады (қар)

Буын ұйқасын

Ар-ар-ар-қар

Ор-ор-ор-тор

Ол-ол-ол-кол

Сергіту сәті: Саусақ жаттығуы

Бас бармақ – әкем

Балаң үйрек – шенем

Ортан терек-ағам

Шылдыр шүмек-әпкем

Кішкентай бөбек-мен

Бір үйде біз нешеуміз?

Бір үйде біз бесеуміз.

Аяз қалай дауыс шығарады?

Балалар қардың дыбыс қалай шығады. Сықырлап шығады. Қане, сол дыбысты ауылбен салып көрейікші.

Қорығыңды: Қыс мезгілінде неше ай бар?

Қыс туралы әңгімелеп бер.

Қаңтар айы I – апта

Сабақтың тақырыбы: Қысқы ойындар Е-Е дыбысы

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік: қыста ойналатын ойындар туралы түсінік беру

Түзету-дамытушылық: фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, артикуляциялық жаттығуларды орындату. Сөздік қорын дамыту. Е дыбысын буында, сөзде, сөйлемде анық айту.

Түзету-тәрбиелік: табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру

Әдістері: әңгімелесу, сұраққа жауап беру

Көрнекілігі: қыс мезгіліндегі ойын құралдарының көркем суреттерімен жұмыстану

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

I. Сәлемдесу

Табиғат біздің анамыз

Табиғатқа біз баламыз

Таза болса табиғат

Бізде аман боламыз

«Қыс ойындар»

Жыл мезгілдерінің бірі қыс мезгілі. Балалар қыс мезгілінде сыртқа шығып қысқы ойын түрлерін ойнайды. Шанамен сырғанақ, коньки, хоккей сияқты ойын түрлерін ойнайды.

Артикуляциялық жаттығулар:

Көңілді тіл ертегісі желісі бойынша тіл жаттығуларын орындау. Айна алдында логопед айтып отырып, орындатады.

Фонематикалық түсінігі:

Е дыбыс естігенде қолынды көтер. Екі буынды сөздерді айту. Ерте, есту, ескі, қара, шашу, шана, т.б.

Сенікік жалғауды қолдана білуі

Бала кіммен ойнап жатыр? Бала достарымен ойнап жатыр

Ол нені алды? Ол қолына шана, шаңғы алды

Берілген тақырып бойынша әңгіме құрастыру

Балаға қысқы ойындар туралы көркем суреттер беріледі. Бала сол бойынша әңгімелеу қажет. Бала қиналған кезде логопед көмек береді.

«Тез ойла, тез айт» ойыны

Е дыбысына қатысты сөздерді тез ойлап айту.

Тіл ұстарту жаттығуы:

Са-са-са-сара-----ас-ас-ас бұйра бас

За-за-за-зада-----аз-аз-басы таз

Қорытынды:Қыста балалар немен ойнайды?
Қысқы ойын заттарының атауын ата?
Шана не үшін керек?
Хоккейді немен ойнайды?

Қаңтар айы II-апта

Сабақтың тақырыбы:Дене мүшелері.И дыбысы

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік:адамның дене мүшелері туралы мәлімет беру,өз бетінше тапсырмаларды орындау

Түзету-дамытушылық:сөзді түсінуі,фонематикалық түсінігін қалыптастыру,сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру,байланыстырып сөйлеуін дамыту,артикуляциялық жаттығуларды орындату. И дыбысын анық айтуын қадағалау.

Түзету-тәрбиелік:тазалыққа,ұқыптылыққа үйрету

Әдістері:сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойнау

Көрнекілігі:көркем суреттер

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлемдесу

Қазір біз ой

Амандасу үлкенге,

Тәрбиенің басы ғой.

Ал қанекей, бәріміз

Сәлем дейік үлкенге.

Дене мүшелеріне түсінік беру.

Адам денесі өте күрделі, дененің қызметі арқылы біз тіршілік етеміз.Дене мүшелері-біздің көмегішілеріміз.Солардың көмегімен біз ойланамыз, көреміз,естіміз,жүреміз.

Адамның дене мүшелеріне-бас, мойын,қол саусақ,аяқ, кеуде,қарын,нық жатады.Адамның басында шаш, бет, көз, мұрын, ауыз, құлақ орналасқан.(атқаратын міндеттерін айту)

Фонематикалық есту қабілетін дамыту

Дене мүшелерінді дұрыс ата. Бала атайды. И дыбысын анық айту қажет.

Сөйлемдер құрастыру: дене мүшелерін қатыстырып, сөйлем айту.Бір-екі сөйлем құрастыру.

Сөздік қор:Бөліктерін атау

Бас, қол, аяқ, көз, мұрын, бет, бас т.б.

Артикуляциялық жаттығулар: «Қоңілді тіл» ертегісі

Ерте, ерте, ертеде ауыз деген бір үйшік болыпты. «Түтікше» жаттуғуы.Сол үйшіктің ішінде кішкене гана тіл өмір сүріпті.Жалпақ тіл жаттығуы.Тіл ұйқысынан оянып, дала шығып, жап-жағына қарайды екен. «Сағат» жаттығуы.Содан кейін ол ксеріліп, таңғы жаттығуын жасайды. «Саңырауқұлақ» жаттығуы. Сосын таңғы асын ішеді. «Тәтті пырын» жаттығуы.Кейін ол дала шығып, «Ат шауып келеді» ойынын ойнайды.

Моторика:Ақ қағазға қарындашпен көз, ауыз, қол салдыру

Сергіту сәті:

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ,

Қосып едім екеуін,

Болып шықты он саусақ.

Сурет бойынша әңгіме құрау.(көркем суреттер ұсынылады)

Ұсақ моторикаға жаттығу: «Менің қайырымды көмекшілерім» қиынды суреттерді құрау. Адамның дене мүшесі.

Логоритмика.

Орнымыздан тұрамыз,	Қолымызды түсіріп,
Мойнымызды бұрамыз	Алақанды соғамыз.
Қолымызды көтеріп,	Басты төмен саламыз
Саусақты ашып-жұмамыз.	Жаттығу жасап осылай,
	Үлкен болып шығамыз.

«Мен нені ұмыттым?» ойыны: Адамның бетін салу.

Балаға күріш салынған қорапшаны ұсыну. Күрішке адам бет әлпетін салу

Қорытынды: Бүгін немен таныстық?

Адамның дене мүшесін ата?

Жарайсың!

Қаңтар айы III-апта

Сабақтың тақырыбы: Достар М-Н дыбыстары

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік: достар туралы түсінік беру

Түзету-дамытушылық: фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, артикуляциялық жаттығуларды орындату. Сөздік қорын дамыту. М-Н дыбыстарын буында, сөзде, сөйлемде ашық айту.

Түзету-тәрбиелік: досты бағалау, сыйластық, адамгершілік қасиетке баулу

Әдістері: әңгімелесу, сұраққа жауап беру

Көрнекілігі: көркем суреттер, слайдтар

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

I. Сәлемдесу

Армысың досым

Кел маған қосыл

Алақанға салып алақан

Шенберге бірге тұрайық

Жер шарындай айналып

Әлемге жарық ұқсайық

Қолымызды көтеріп

Күннің нұрын алайық

Ортамызда күн нұры

Құшаққа оны алайық

Логопед: Балалар, достық бірлік пен қамқорлықтан туындайды. Бірлік- бұл достардың арасындағы ынтымақтық, ауызбірлік, татулық. Достар бір-біріне көмек беру қажет.

«Достық» туралы слайд

Достық ұйымшылдыққа

Достық сыйластыққа

Достық татулыққа

Достық таза көңілде

Достық сенімділікке

Достық мейрімділікке

Достық бауырмалдыққа

Достық шын ниетке

Достық шын ниетке
Достықта шекара жоқ
Артикуляциялық жаттығулар:
Алтыбақан, Сыпырғыш, Барабан, Бақа

Фонематикалық түсінігі:

М-Н дыбысы кездесетін суреттер қойылады, еске сақтауға.3-4 сөз беріледі, сол суреттерді анық айтқызу.

3-4 сөзден сөйлем құрастыру. Бірге, ойнады, жақсы достар.

Жақсы достар бірге ойнады.

«Жүректен жүрекке»

Балаларға қағаз ұсынылады. Қағазға шеңбер салдырамыз. Сол шеңбердің айналасына алақандарын бастырады.

Мына сурет неге ұқсайды?

Күнге ұқсайды. Дұрыс айтасыңдар.

Берілген тақырып бойынша әңгіме құрастыру.

Достық туралы шағын әңгіме айтып бер

Дос туралы мақал мәтелдерді қайталап айту:

Дос жылатып айтар, дұшпан күлдірін айтар

Дос басына қарайды, дұшпан аяққа қарайды.

Жүз сомың болғанша, жүз досың болсын.

Қорытынды: Дос дегенді қалай түсінесің?

Қаңтар айы IV-апта

Сабақтың тақырыбы: Менің достарым Г-Ғ дыбыстары

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік: жақын досы туралы әңгімелеу

Түзету-дамытушылық: фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, артикуляциялық жаттығуларды орындату. Сөздік қорын дамыту. Г-Ғ дыбыстарын буында, сөзде, сөйлемде анық айту.

Түзету-тәрбиелік: досты бағалау, сыйластық, адамгершілік қасиетке баулу

Әдістері: әңгімелесу, сұраққа жауап беру

Көрнекілігі: көркем суреттер

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

1. Сәлемдесу

2. Баланың зейінін тұрақтандыру; Алмұрт пазлмен жұмыстау. Шнуровканы өткізу

Артикуляциялық жаттығулар:

Сағат, Футбол, Қалакшы жаттығуларын айна алдында орындау

Фонематикалық түсінігі:

Г-Ғ дыбыстарын буындарда айтқызу. Га-ге, га-го бірнеше рет айтқызу

«Далада» көркем суреті

Баала өз бетінше әңгімелеуі тиіс.

Сөздік қор:

Балалар арамен ағаш кесті

Кесетін зағтың атын ата?

Ара. Ол не?

Ара атауына ұқсас қандай жәндік бар?

«Менің достарым» тақырыбы бойынша әңгіме құрастыру

Қорытынды: Дос дегенді қалай түсінесің?

Ақпан айы I – апта

Сабақтың тақырыбы: Ертегілер елінде «Үйшік»

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік: ертегілер туралы түсінік беру

Түзету-дамытушылық: фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, артикуляциялық жаттығуларды орындату. Сөздік қорын дамыту.

Түзету-тәрбиелік: ертегі кейіпкерлерінің жақсы жағын мадақтау

Әдістері: әңгімелесу, сұраққа жауап беру

Көрнекілігі: ертегі кітапшалар

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

I. Сәлемдесу

2. Баланың зейінін тұрақтандыру. Алмұрт пазлмен жұмыстану. Шнуровканы өткізу

«Үйшік» ертегісін айтып беру

Ертеде орман ішінде бір үйшік болыпты. Ол үйшік бос болыпты. Бір күні сол үйшіктің қасынан тышқан жүгіріп өтіп, бұнда кім тұрады дейсі, бос болғи соң тышқан кіреді, одан соң бақа келеді, одан соң қоян келеді, сосын түлкі келеді. Сөйтін бәрі бірге тұрып жатады. Олардың артынан қорбандаған аю келеді. Бір кезде аю үйдің есігіне сыймай, төбеге шыққанда, төбе құлап кетеді. Сөйтін аңдардың барлығы да жан-жан қаша бастайды. Үй сынып опырылып қалады. Нестерлерін білмеген аңдар, жаңа үй салуды жоспарлайды. Сосын олар әдемі үйшік жасап, тату-тәтті бәрі бірге өмір сүреді.

Артикуляциялық жаттығулар:

Сағат, Футбол, Қалақшы жаттығуларын айна алдында орындау

Фонематикалық түсінігі:

«Үйшік» ертегісіндегі аңдар дауысын салу. тышқан, қоян, аю, бақа, түлкі

Сөйлем құрастыру:

Қоян суреті, түлкі суреті, қасқыр суреті, балапан суреті.

Сергіту сәті:

Құлыншақ, құлыншақ

Қорытынды: Бүгін қандай ертегімен таныстық?

Ертегі кейіпкерлерін атап шық?

Ақпан II-апта

Түзету-дамыту қызметінің тақырыбы: Үй жануарлары. Қ-Ғ дыбыстары

Мақсаты:

Түзету-білімділік: үй жануарлары туралы айтып беру

Түзету-дамытушылық: фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, сөздік қорды молайту, артикуляциялық жаттығуларды орындату

Түзету-тәрбиелік: үй жануарларын қастарлеп, бағуға үйрету

Әдістері: әңгімелесу, сұраққа жауап беру, қайталап айтқызу

Көрнекілігі: үй жануарларының ойыншықтары, суреттер

Түзету-дамыту қызметінің барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

I. Сәлемдесу

2. Баланың зейінін шоғырландыру

3. Сөйлеу ережесі

Ойымызды жинақтап

Дыбыстарды анықтап

Сөйлейміз біз дұрыстап

Жұрнақ-жалғау жалғаймыз

Тыныс алып сөйлейміз.

Артикуляциялық жаттығулар:

Тіл саусақ жаттығуларын орындату

Балалар үй жануарларын білеміз бе? Оларды еске түсіріп алайық.

Сол үшін мен сендерге жұмбақ жасырайын.

Қамыс құлақ тостаған тұяқ

Мінсең қанат, сүті дәрі, еті тамақ (**Жылқы**)

Үстінде екі тауы бар

Өзі бір қызық жануар (**Түйе**)

Кішкене ғана бойы бар

Айналдырып киген тоны бар (**Қой**)

Секең-секең етеді,

Тау мен тасқа жетеді (**Ешкі**)

Үй жануарларына нелер жатады?

Түйе, жылқы, лақ, қой, сиыр

Жылқы-үй жануарларының ішіндегі тостаған тұяқты, ірі сүт қоректі жануар, шөппен

қоректенеді. Адамдарға сүт береді. Жылқының сүтінен адам денсаулығына пайдалы

сусын-қымыз жасалады. Мінсең көлік.

Түйе-шөппен қоректенеді. Екі жылда бір рет төл береді. Адамдарға жүн, сүт, ет

береді. Сүтінен ең пайдалы дәрілік қуаты бар шұбат жасайды. Ерте кезде адамдар, көшіп-қону үшін көлік ретінде пайдаланған.

Сиыр-ірі апа тұяқты жануар, шөппен қоректенеді. Адамдарға сүт, ет береді. Сүтінен ірімшік, айран, құрт, май, қаймақ жасайды.

Қой, ешкі-шөппен қоректенеді. Жылына бір рет төлдейді. Адамдарға жүнін береді.

Адамдар жүннен шұлық, қолғап тоқиды.

Бота-түйенің төлі, құлын-жылқының төлі, лақ-ешкінің төлі, козы-қойдың төлі, бұзау-сиырдың төлі

Фонематикалық түсінігі:

Үй жануарларының дауысын ажырату. Сиыр, қой, жылқы, түйе, ешкі. Қ-Ғ дыбыстарына сөз ойлап айтқызу.

Грамматикалық құрылымды қалыптастыру.

Зат есімді жекешеден көпше түрге өзгерт. Мал-малдар, қой-қойлар

Сергіту жаттығуы:

Жел соғады бетке

Шайқалады талдар

Жел тыныш, тыныш

Талдар биікке өрлей бер

Жатқа айтқызу

Балам орнынан тұр

Қоянның түсі сұр

Сөзге мойын бұр

Қыстайтын күс-күр

Уәдене тұр

«Ненің дауысы?» ойыны

Үй жануарларының дыбыстарын ажырату керек.Өздері жануарлардың дыбысын дауыстап қайталайды.

Қорытынды: Үй жануарларын ата?

Үй жануарларының қандай пайдасы бар?

Ақпан III-апта

Түзете-дамыту қызметінің тақырыбы: Жабайы аңдар.X-Із дыбыстары

Мақсаты:

Түзету-білімділік:жабайы аңдар туралы айтып беру

Түзету-дамытушылық;фонематикалық түсінігін қалыптастыру,сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру,байланыстырып сөйлеуін дамыту,сөздік қорды молайту,артикуляциялық жаттығуларды орындату

Түзету-тәрбиелік:қоршаған ортаға қамқорлықпен қарау

Әдістері:әңгімелесу, сұраққа жауап беру, қайталап айтқызу

Көрнекілігі:аңдар суреттері, ертегі кітаптар

Түзете-дамыту қызметінің барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

1.Сәлемдесу

2. Шағтық шеңбері

Ортақ мекен жер шары

Төбемізде бір аспан

Барлық ұлтын баласы

Достығы жарасқан

Артикуляциялық жаттығулар:

Күресіп, Ат шауып келеді, Төбешік,саусақ жаттығуларын орындату

Фонематикалық түсінігі:

Аңдар атуын атап, айт. Аю, қоян, жолбарыс, түлкі, қасқыр т.б. Хат. Нақарман сөздерінде неше дыбыс бар?

Грамматикалық құрылымды қалыптастыру.

Шөп , жеді қозы. Қозы шөп жеді.

Сергіту жаттығуы:

Ормандағы аюдың

Құлшынайы көп екен

Теріп теріп алайық

Қалтамызға салыық

Жұмбақ шешу:

Қыс бойына жатады

Тәтті ұйқыға батады.

Ол қандай аң?

Суреті көрсетілді. Балалар атайды.(Аю)

Заттарды топтастыру:

Түрлі көркем суреттер ұсынылады.Балалар аңдардың суреттерін тауып бір бөлек жинастыру қажет.

Қорытынды:Қандай аңдарды білесің, атап айт?

Ақпан IV-апта

Түзете-дамыту қызметінің тақырыбы: Үй құстары

Мақсаты:

Түзету-білімділік: үй құстары туралы айтып беру

Түзету-дамытушылық: фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, сөздік көрді молайту, артикуляциялық жаттығуларды орындату

Түзету-тәрбиелік: құс атаулыға қолқарлық танытуға тәрбиелеу

Әлістері: әңгімелесу, сұраққа жауап беру, қайталап айтқызу

Көрнекілігі: үй құстарының суреттері

Түзете-дамыту қызметінің барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

1. Сәлемдесу

2. Шаттық шеңбері

Ортақ мекен жер шары

Төбемізде бір аспан

Барлық ұлтын баласы

Достығы жарасқан

Артикуляциялық жаттығулар:

Күрекше, Ат шауыш келеді, Төбешік, саусақ жаттығуларын орындату. Тіл ширату жаттығуларын орындау.

Фонематикалық түсінігі:

Дауысқа еліктеу. Тауықтың дауысын сал. Қыт-қыт.

Грамматикалық құрылымды қалыптастыру.

4-5 сөзден тұратын сөйлем құрастыру. Тауық тарыны шоқып жеді.

Сөздік қор:

Көркем суреттерді балаға көрсету. Құстар жайлы әңгіме құрастыру.

Сергіту жаттығуы: «Шалғында»

Шықты үйрек шалғынға: Кря-кря

Жем іздеп балапанға: Ко-ко-ко

Күркетауық шығыпты,

Жап-жағына қарапты: Был-был-был

Мойын созып қа шықты: Га-га-га

Үй құстары жиналды, жылы күнде мәз болды.

Дидактикалық ойын: «Суреттерді топтастыр»

Үй құстары мен дала құстарын жинақтау

Сөздік ойын: «Біреу-көп»

Тауық-тауықтар

Қаз-

Құс-

Үйрек-

Қаз-

Қорытынды: Үй құстарын ата?

Наурыз I – апта

Түзете-дамыту қызметінің тақырыбы: Дала құстары. Ш дыбысы

Мақсаты:

Түзету-білімділік: дала құстары туралы айтып беру

Түзету-дамытушылық: фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, сөздік қорды

молайту, артикуляциялық жаттығуларды орындату

Түзету-тәрбиелік: құс атаулыға қомқарлық танытуға тәрбиелеу

Әдістері: әңгімелесу, сұраққа жауап беру, қайталап айтқызу

Корнекілігі: дала құстарының суреттері

Түзете-дамыту қызметінің барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

I. Сәлемдесу

Мен ақылды баламын

Айтқан тілді аламын

Үлкендерді көргенде

Қуана қарсы аламын

Бүгін біз дала құстары туралы әңгімелейміз. Құстар біздің досымыз. Құстардың түрлері өте көп. Олардың кейбірі қыста жылы жаққа ұшып кетсе, кейбірі қыстап қалады. Қыстап қалатын құстар суыққа төзімді, қапаттары қатты, қардың астынан жемдерін тауып жейді. Құстардың ұясын бұзып, жұмыртқасын сындыруға болмайды. Керісінше, біз оларға ұя жасап, қамқорлық көрсетуіміз керек. Дала құстары: торғай, сауысқан, аққау, үйрек, қарға, қарлығаш т.б.

Артикуляциялық жаттығулар:

Дұрыс әдемі, нақты сөйлеу үшін, тілімізді жаттықтырып алайық.

Алтыбақан, Кесе, Тәтті шырын жаттығуларын орындау.

Фонематикалық түсінігі

Б, К, М, Ж, А, Ш дыбыстарын атау. Ш әрлін естігенде орнынан тұр.

Грамматикалық құрылымды қалыптастыру.

Аққу, шағала сөздеріне сөйлем құрау.

Сөздік қор:

Көркем суреттерді балаға көрсету. Құстар жайлы әңгіме құрастыру.

Сергіту жаттығуы:

Торғай, торғай торғайсың

Таяу келіп қонғайсың

Жем шашайын тойып ал

Сонда аязға тонбайсың

Жаңылтпашты қайтала:

Қыс қатты-ақ

Қыспаққа ап

Құс тоңып жүр

Қыстап қап

Ойын: «Ұшты-ұшты»

Шағала ұшты,

Қайшы ұшты,

Қарлығаш ұшты

Қорытынды: Үй құстарын ата?

Наурыз II- апта

Сабақтың тақырыбы: «Көктем мезгілі». Артикуляциялық жаттығу

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік: Көктем мезгіліне байланысты тақпақтарды қайталапқызу.

Түзету-дамытушылық:сөзді түсінуі,фонематикалық түсінігін қалыптастыру,сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру,байланыстырып сөйлеуін дамыту,артикуляциялық жаттығуларды орындату.Ү-Ұ дыбыстарын буын, сөз, сөйлем ішінде анық айту.

Түзету-тәрбиелік:көкөністерді күтіп бағуға қамқорлық , жасауға тәрбиелеу.

Өдістері:сұрақ жауап, дауыспен жұмыстану

Көрнекілігі:көкөністер мүлліяждары

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлемдесу:

Кел балалар күлейік
Көңілденіп жүрейік
Балдырғанбыз демейік
Білім сырын білейік

Көктем келді, құс келді (шеңбер бойымен жүреді)

Ойнаймыз біз саз илен (тоқтап шеңбердің ортасына қарайды)

Біздің қолге түсті енді (қолдарын екі жаққа жайып)

Быштыр кеткен қаз үйрек (ұшқан қаз үйректі бейнелейді)

Балалар алма мен сәбіз неге жатады? Баланың жауабы тыңдалады.

«Суреттерді құрастыр» ойыны

Көктем мезгілінің суреті араластырып тасталынады.Оларды екі себетке теріп алу қажет.

Одан соң атап айту керек.

Фонематикалық түсінігі:

Ү-Ұ дыбысын логопед артынан қайталап айт.

Сөздер айтуд:ұшпақ, құрма, құбыр, үй, үш, түлкі, үкі, күлкі анық айту.Осы сөздердің ішінен

ү-ұ дыбыстарын тауып атау.

Артикуляциялық жаттығулар:

Сағат, Тәтті шырын, Сабырауқұлақ, Мысық жолға шықты жаттығуын айна алдында орындау

Саусақ жаттығуы.

Тыңдау қабілетіне тапсырма: «Телефон»Логопедтің соңынан дұрыс қайталау

Са-цо-цу

Ас-си-ои

Са-па-пу-сы

Цемент, цырк, концерт

Сериялы суреттермен жұмыс:

Екі бөліктен тұратын сериялы суреттерден сөйлем құрастыру

Сөзжұмбақты шешу: Плакатқа көктем суреттер жапсырылады, бала атап береді.

Қорытынды: Артикуляциялық жаттығуды қайталапқызу. Баланы бадақтау.

Наурыз III-апта

Сабақтың тақырыбы: Сиқырлы түстер

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік: балалардың түстер туралы білімдерін кеңейту, оларды бір-бірінен ажыратуға, атай білуге үйрету;

Түзету-дәлелденушілік: сөздік қорларын молайтып, тіл байлықтарын арттыру, ой-өрісін, ұсақ қол моторикасын жетілдіру;

Түзету-тәрбиелік: адемі, жүйелі сөлеуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Әлістері: сұрақ-жауап Көрнекілігі: жемістер мультфильмі

Сабақтың барысы:

Құрал жабдықтар: массажды төсеме, түрлі пішіндегі суреттер, түрлі түсті кілемше, Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің барысы: түрлі-түсті ергежейлілердің киімін киген балалар әсем әуенмен топқа кіріп, шеңберге тұрады.

«Жылулық шеңбері» Мынау аспан астында,

Жақсы дос көп табылар.

Мен де соның бірімін

Сыйлығымды қабыл ал!

Логопед: Жарайсыңдар балалар, өте жақсы! Балалар, мен бүгін сендерді түстерге қонаққа шақырғым келіп тұр. Барғыларың келе ме? Бірақ онда сендерге арналған түрлі тапсырмалар болады. Сендер оларды орындауға дайынсыңдар ма? Кім көп тапсырма орындаса, сол бала «Зерек бала» атанатын болды. Келістік пе? Олай болса, біз мына тас жолмен жүріп, «Түстерге қонаққа» барайық.

Әсем әуенмен балалар логопедтің артынан массажды төсеме жолдың үстінен өтіп «Көк түске» келеді.

Логопед: Балалар, міне біз бірінші түске қонаққа келдік. Қалай ойлайсыңдар, бұл қандай түс?

Балалар: Көк түс

-Иә, дұрыс айтасыңдар. Көк түс бізге артикуляциялық жаттығуларды орындауды тапсырмашы. Ұқыпты орындаған балаға міне, мынадай бұлт беруді ұсыныпты.

«Зообак» ертегісін тыңдай отырып, балалар артикуляциялық жаттығуларды орындайды.

-Жарайсыңдар балалар! Ендеше, фонетикалық жаттығуымызды да орындап жіберейік.

Жел қалай шулайды? – ш-ш-ш-ш-ш-ш

Жылан қалай ысықтайды? – с-с-с-с-с-с

Ара қалай ызылдайды? – з-з-з-з-з-з

Қоңыз қалай дыбыстайды? – ж-ж-ж-ж-ж-ж

-Тамаша, қалай ойлайсыңдар кім бізде барлық жаттығуларды ұқыпты орындаған? (жақсы орындаған балаларға бұл тарту)

-Тамаша, жолымызды ары қарай жалғастырайық. Қарандар, балалар, біз қандай түске келдік?

-Жасыл түске келдік.

-Иә, дұрыс. Енді, жасыл түстің тапсырмасын орындайық. Балалар, мына жерде нелер тұр?

-Пішіндер.

-Иә, пішіндер. Ал, бұл пішіндер қандай түсті екен?

-Жасыл түсті.

-Дұрыс. Ендеше, тапсырманы мұқият тыңдаймыз. Қазір бір бала ортаға шығып, мына жерден бір пішінді таңдап алады. Оның артында қандай да бір сурет жасырылған. Бұл бала сол суретті сипаттайды, ал қалғандарың ол не екенін табуларың керек. Тапсырманы жақсы орындаған бала жапырақтар алады.

Балалар бір-бірден шығып тапсырманы орындайды. Әуен ойнап тұрады.

-Жарайсыңдар, балалар. Енді келесі түске барайық. Бұл түс қандай?

-Қызыл

-Дұрыс, қызыл түс. Балалар, біздің арамызда кімдер қызыл түсті киім киген екен? Ал тағы қандай түсті киім киген балалар бар арамызда?

Қызыл киген балаларды атайды.

-Тамаша, балалар. Балалар, қызыл түс бізге мынадай ойын ұсынып отыр. Мына кілемшеде қандай түстер бар екен?

Балалар түстерді атайды.

-Сендер, әрқайсың киімдеріңнің түстеріне байланысты музыка біткенше өз орындарыңды тауып тұра қалуларың керек. Орнын дұрыс тапқан балаға мынадай гүл таратылады.

Музыка қосылып балалар ойын ойнайды. Гүлдер таратылады.

-Жарайсыңдар, балалар. Шаршап қалған жоқсыңдар ма? Олай болса, барлығымыз шеңберге тұрып, ергежейлілердің қимылын салайық.

Музыкамен ергежейлілердің қимылын салып билейді.

-Балалар енді демімізді басып терең тыныстап алайық. Шеңберге тұрып тыныс алу жаттығуын орындайды.

-Енді балалар, қалай ойлайсыңдар қандай түс қалды?

-Сары түс.

-Дұрыс айтасыңдар. Ендеше сары түстің бізге арнаған қандай тапсырмасы бар екен? Балалар мынау алдымызда тұрған нелер?

-Тастар

-Иә, кәсір біз осы тастармен жұмыс жасаймыз. Бірақ ол үшін қолымызды жаттықтырып алайық. Саусақ жаттығуын орындайды.

Жалғыз саусақ тіпті де,

Ұстай алмас жіпті де.

Екі саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды,

Жүгіртеді қаламды.

Өнерлі екен он саусақ,

Қала салсақ, жол салсақ.

-Ал, балалар мына жерде бізге түрлі суреттер берілген екен. Осының ішінде сары түсті не бар? Сол затты біз мына тастармен бояуымыз қажет. Кім дұрыс бояса, сол балаға Сары түс мынадай күн дайындап қойған.

Балалар музыкамен тапсырманы орындайды.

-Тамаша, жарайсыңдар балалар.

-Сонымен, балалар, бүгін біз қандай түстерге қонаққа бардық? Олай болса, менің өзімнің сендерге арнаған тапсырмам бар. Барлығын мына үстелдің жанына келе қойыңдар. Мына жерде түсілі-түсті тастар бір-бірімен араласып кеткен. Соларды маған әрқайсысын өз ыдыстарына салып бере аласыңдар ма?

Балалар музыкамен өздеріңнің киімдеріне сәйкес тастарды өз ыдыстарына салып жинайды.

-Тамаша, рахмет балалар.

-Балалар, сендерге түстерде қонақта болған ұнады ма? Онда сендер қандай тапсырамалар орындадың? Ал, енді қарайық, кім ең көп мадақтама алды екен? Сол бала бүгін Зерек бала болды.

Наурыз айы IV апта

Сабақтың тақырыбы: «Гүлдер». Тыныс алу жаттығулары

Мақсаты: Гүлдер туралы түсінік беру.

Міндеті:

А) Түзету- білімділік: гүлдің түрін ажырату, гүлдер туралы түсінік беру.

Ә) Түзету-дамытушылық: сөздік қорын молайту, тапсырмалар арқылы ойлау, қабылдау, зейінін дамыту, фонематикалық естуін дамыту, сөйлеу тілінің синтаксистік құрылымын дамыту, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту.

Б) Түзету-тәрбиелік: гүлдерді күту, табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Сабақ түрі: жаңа сабақ

Көрнекіліктер: гүлдердің суреттері, презентация, бейне материал.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлеметсіңбе?

Көңіл-күйің қалай?

Сабаққа назар аударту.

Жылдың қай мезгілі?

Баланы жайғастыру.

Шнуровкамен жұмыс.

Сабаққа дайындық.

Логопед: Фонематикалық естуін дамыту:

Сөздердегі бірінші дыбысты атау. Газет, Гүлім, гитара, Гүлиар, гүл.

Гүл туралы тақпақты айтық.

Қызыл-жасыл гүл егін,

Баптап, күттік түрлеттік.

Қалмасын деп қуарып,

Апта сабын суардық.

Гүлдендірдік аулаңы,

Аулада гүл қаулады.

Ойын: «Кім есіне сақтады?» Слайдтан гүлдердің суреттері көрсетіледі, балалар аталуын, қайда өсетінін айтады.

Ұсақ моторика: Бәйшешек гүлінің суретін салу.

Рефлексия: Өзіңе ұнаған гүлді тандау арқылы көңіл-күйіңді білдір.

Қорытынды: Баланың жұмысына баға беру.

Сәуір айы I апта

Сабақтың тақырыбы: Р дыбысын буын ішінде бекіту

Сабақтың мақсаты:

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік: киімдер атауымен таныстыру

Түзету-дамытушылық: сөзді түсінуі, фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін

дамыту, артикуляциялық жаттығуларды орындату, Л-Р дыбыстарын буында, сөзде, сөйлемде анық айтқызу

Әдістері: өздігінен жұмыс істеуге машықтандыру

Көрнекілігі: түрлі-түсті пішіндер

Сабақтың барысы:

«Суреттер бойынша киімдер атауын ата:

Көркем суреттер үйлестіріледі. Суреттерді балалар атап айтады.

Логонед: көркем суреттер бойынша атайды, бала оны көрсетуі тиіс. Ойын қайталанады.

Артикуляциялық жаттығулар:

Піл, Сағат, Тісімізді тазалайық

Фонематикалық түсінігі:

Лақ, апа, бал, сал, қол, қала, лас

Зымыран, радио, раушан, Жанар, рақым, қор, бор
сөздерін анық айту

Сергіту сәті:

Он қолымда бес саусак

Сол қолымда бес саусак

Қосып едім екеуін

Болып шықты он саусак

Әңгімелеу барысы:

Суретке қарап әңгіме құрастыру

Тіл ұстарту жаттығуы:

Ра-Ра-Ра-адемі қа-р

Ар-ар-ар тәтті ба-р

Баулармен жұмыстар: Балалардың қол моторикасын дамыту.

Қорытынды: Балаға артикуляциялық жаттығуларды қайталау, мадақтау.

Сәуір айы II апта

Сабақтың тақырыбы: Р дыбысын сөз, сөйлем ішінде бекіту

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік: Тілді босаңсытып тыныш ұстап тұруға дағдыландыру.

Түзету-дамытушылық: сөзді түсінуі, фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін

дамыту, артикуляциялық жаттығуларды орындату. Р дыбыстарын анық айту

Түзету-тәрбиелік: жауапкершілік машықтарын қалыптастыру

Әдістері: әңгімелесу

Көрнекілігі: көркем суреттер, ойыншықтар

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Амандасу

Біз қандаймыз, қандаймыз

Шұғылалы таңдаймыз

Күлімдеген күндейміз

Ережені ұмытпай

Дұрыс, анық дыбыстап

Дыбыстарды ренжітпей

Бәріміз дұрыс сөйлейміз

Ренжуді білмейміз

Балалар бүгін бізге Дымбілмес қонаққа келді. Мыстан кемпір оның бояуларын алып кетіпті. Мыстан кемпір Дымбілмеске тапсырма беріпті. Дымбілмес оны орындаса ғана, Мыстан кемпір оның бояуларын береді екен. Ал Дымбілмес бояудың түстерін ажыратуы қажет екен. Балалар біз Дымбілмеске көмек етеміз ба?

Ия. Жарайды. Онда ше біз алдымен тіл жаттығуын орындайық.

Артикуляциялық жаттығулар:

Күрекше. Ат шауып келеді. Төбешік. Саусақ жаттығуы.

Логонед: Бояуларды қолына алып, түстерін атайды. Қызыл, жасыл, көк, сары, ақ, кара

Фонематикалық түсінігі:

Түстер атауын айту: қызыл, жасыл, ақ, сары, көк сөздерінің бастапқы дыбысын айту

Сөздердің соңғы дыбысын табу.

Дауыстап айт:

Рара-дала

Қара, арша, қора, батыр, тар, ара.

Артикуляциялық жаттығуларды орындау:

«Күрекше» жалпақ тілді ауыз қуысынан шығарып, төменгі ерінге салып, 10-15 секунд ұстап тұру.

«Ине» Тілді жіңішкертін, ауыздан шығарып 10-15 секунд ұстап тұру. Жаттығуды 4-5 рет қайталау.

Қорытынды: Релаксациялық жаттығуды жасау, баланы мадақтау,

Сәуір айы III анта

Сабақтың тақырыбы:

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік: Тілді босансытып тыныш ұстап тұруға дағдыландыру.

Түзету-дамытушылық: сөзді түсінуі, фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, артикуляциялық жаттығуларды орындату. Л дыбыстарын анық айту

Түзету-тәрбиелік: ұғыну, жауапкершілік машықтарын қалыптастыру

Әдістері: әңгімелесу

Сабақтың барысы:

Үйымдастыру кезеңі:

Амандасу

Баланың зейінін шоғырландыру

Азық-түлік туралы айтылады.

Артикуляциялық жаттығулар:

Мысық, Күрекше, Дөңгелек, Тоқыдақ

Сөзді түсіну:

Көркем суретпен жұмыс.

Фонематикалық түсінігі:

Л- дыбысын дұрыс айтамыз:

Ла-ла-ло

Ло-лу-лы

Ұл-ол-үл

Ла-ла-ал

Мәшәқәк жинайық ойыны: Ла-лу-лы-ал-ол-үл.

Әңгімелеу барысы:

Сөресіндегі заттардың атауын атап бер. (Гүл, бал, лақ т.б)

Көркем суреттер бойынша әңгімелеу:

Баланың алдына көркем суреттерді беру арқылы әңгімелесту

Серіту сәті:

Шаңғышылар

Серуенге шығамыз

Шаңғымен сырғанаймыз

Оң жаққа бұрыламыз

Сол жаққа бұрыламыз

Суретті боятқызу (лақтың суретін боятқызу)

Қорытынды: Л дыбысын қайталапқызып дұрыс айтқызуға дағдыландыру.

Сәуір айы IV анги

Сабақтың тақырыбы: Л дыбысын буын ішінде бекіту

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік: Тілді босаңсытып тыныш ұстап тұруға дағдыландыру.

Түзету-дамытушылық: сөзді түсінуі, фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, артикуляциялық жаттығуларды орындату. Л дыбыстарын анық айтқызу.

Түзету-тәрбиелік: ұғыну, жауапкершілік машықтарын қалыптастыру

Әдістері: әңгімелесу

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі:

Амандасу

Баланың зейінін шоғырландыру

Азық-түлік туралы айтылады.

Артикуляциялық жаттығулар:

Мысық, Күрекше, Дөңгелек, Тоқыздақ

Сөзді түсіну:

Көркем суретпен жұмыс.

Фонематикалық түсінігі:

Л- дыбысын дұрыс айтамыз:

Ла-ла-ло

Ло-лу-лы

Ұл-өл-үл

Ла-ла-ал

Мен бастаймын, сен аяқта ойыны.

Ла буынын қосып, сөзді аяқта.

Қа-ла, ой-ла

Да-ла, ай-ла

Ба-ла, аққа-ла

Са-ла, ай-ла

Құм терапиясы: Гүлдың суретін салдыру

Көркем суреттер бойынша әңгімелеу:

Баланың алдына көркем суреттерді беру арқылы әңгімелеу

Сергіту сәті:

Шанғышылар

Серуенге шығамыз

Шанғымен сырғанаймыз

Оң жаққа бұрыламыз

Сол жаққа бұрыламыз

Қорытынды: Баланы мадақтау.

Мамыр айы I апта

Сабақтың тақырыбы: Л дыбысын сөз, сөйлем ішінде бекіту.

Сабақтың мақсаты:

Түзету-білімділік: Тілді босансытып тыныш ұстап тұруға дағдыландыру.

Түзету-дамытушылық: сөзді түсінуі, фонематикалық түсінігін қалыптастыру, сөздердің грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, артикуляциялық жағтығуларды орындату. Л дыбыстарын анық айтуқызу.

Түзету-тәрбиелік: ұғыну, жауапкершілік машықтарын қалыптастыру

Әдістері: әңгімелесу

Сабақтың барысы:

Бүгін сабақта Л дыбысын анық айтамыз.

Логопед мұғалім дақтың суретін көрсетеді.

- Бұл не? Дұрыс пақ, ал пақ деген сөздің бірінші дыбысы қандай?

- Л

- Дұрыс айтасың

«Л» дыбысы дұрыс шығуы үшін тістердің арасы ашық тұруы керек, ал тіл ұшы үстіңгі тістің түбі Артикуляциялық гимнастика:

"Жел соғалы" (4-6 рет)

"Кеме гүлдейді" (4-6 рет)

"Өткеншек" (4-6 рет)

«Салакшы» (4-6 рет)

«Ине» (4-6 рет)

IV. Дыбысты қою

Логопед мұғалім дыбысты қою үшін үш тәсілді қолданады.

1. Еліктеу тәсілі арқылы қою

- Кеме сияқты гүілде (ЛЛЛЛЛЛЛЛЛЛЛЛЛЛ)

(Айнаға қарап қайталау)

- Инені көрсетші, қандай үшкір еді. Енді жоғары қарай таңдайға мағыстыр. Енді кеме секілді гүілде ЫЫЫЫЫЫ. Тілдің ұшын босатпа.

(Екі тіс арасындағы Ы дыбысы)

- Логопед мұғалім: Жалпақ тілді тістің ұшымен тістеп, Ы деп дыбыстаймыз. Л деп естіледі.

2. Механикалық тәсіл арқылы қою

Арнайы зонд көмегімен

3. Аралас тәсіл арқылы қою

Жеке дыбыстың айтылуын бекіту

VI. Фонематикалық естіп қабылдауын дамыту:

Логопед: Мен қазір сөздерді айтамын, ал сен Л дыбысын естіген кезде шапалақ ұр. Жарай ма?

Қала, қалам, кеме, алмұрт т. б.

Ал озушы Л дыбысын естіген кезде шапалақтайды.

- Мына суреттерге қарашы Л дыбысы бөлек таңдап ал. Бала суреттерді қарайды.

Кілем, бағық, доп, теледидар, алма, қол, қалбақа немесе қызыл негіне барып тіреледі.

Қорытынды: VII. Үй тапсырмасы:

Л дыбысын айнағын алдында күніне 2-3 рет қайталау.

Сабақта қандай дыбысты өттік?

- Л дыбысын

- Л дыбысы қалай дыбысталады екен? (Л дыбысының артикуляциясын қайталайды)

Мамыр айы II анта

Сабақтың тақырыбы: Л – Р дыбыстарын ажырату

Мақсаты: балаларға «Р», «Л» дыбыстардың дыбыстауын дұрыс айтуға үйрету, зейінін, ой-өрісін, тіл байлығын, ұсақ моторикасын дамыту. Дыбыстық талдау жасау.

Артикуляциялық және тыныс алу, сергіту жаттығуларын көрсету.

Түзету жұмысы: балаларға Р,Л, дыбыстарындағы сөздерді дұрыс айтқызуға үйрету.

Дыбыстарға байланысты қосымша тақпақ, мақал-мәтел, жанылтамаш жаттау, сөздік қорын дамыту.

Көрнекті құралдар: айна дауысты дыбыстар және дыбыс салатын қалташа, суреттер.

Амандасу рәсімі:

Арайлап таң атты,

Алтын сәуде таратты.

Жарқырайды қаламыз

Жайнай түсті даламыз.

«Көңілді тіл» ертегісі арқылы артикуляциялық және ерін жаттығуларды жасау.

Р, Л дыбыстарына байланысты тақпақ айту

Жатыр еді сұр күшік,

Ара ара, аралар,

Өте берді бір мысық.

Орман бойын жағалар

Күшік оған «ррр»- деді

Гүлдерден сорып бал алар,

Мысық тұрып «бррр» -деді.

Алысқа ұшып бара алар

Бал тәтті гөй, балалар!

Тыныс алу жаттығулары.

Логопед: Енді аздап шаршадық, денімізді алып, тынысымызды шығарайық.

«Аузымен ауа жіберу» - толық демімізді алып, аузымызда ұстап тұрамыз, сосын шар тесілгендей хормен бірге жібереміз.

«шар жару» - толық демімізді алып, ауда шар үрлеу әдісін көрсете отырып, шар жарылғанда шапалақ ұрады.

«Мұрынмен тыныс алу» - толық демімізді алып, оң жақ мұрнымызды саусақпен жауып тұрамыз, сол жақ мұрынмен тыныс аламыз.

Қорытынды: Артикуляциялық жаттығуды қайталапқызу. Баланы бадақтау.

Мамыр айы III апта

Сабақтың тақырыбы: Тілдік жаттығулар

Тыныс алу жаттығулары:

Гүлдерді искейік. Балалар біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп елестетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады. Кәне, гүлдерді искеп көрейікпі. Тамаша! Жаттығу 2-3 рет қайталанатын.

Ғарышкерлер. Тәрбиеші: Сендер өздеріңді ұшқыш ғарышкер-лерміз деп есептендер. Зымыран әуе кемесін ұшыруға аз қалды. 10-нан 1-ге дейін санап ұлгеруге жетерлік тыныстап дем жинаймыз, қаттырақ, әрі анық «Жібер» деген сөзді айтамыз да, дем шығарамыз.

Егер кімде-кімге ауа жетпесе, ол өз орнына отырады. Сонымен, мұрын арқылы ауа жинаймыз не жұтамыз Уақытты санауды бастаймыз: 10, 9, 8, 7, 6, 5, 4, 3, 2, 1. Жібер! Жаттығу 3-4 рет орындалады.

Аюдың ақыруы. Аюдың тісі сарнап ауырды. Ол «А-А-А» деп анырап отыр. Кәне, аю қалай дыбыстады?

Бауыры кім?

Ара болсаң, ызыңда 3-3-3, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж

Жұмыс істе, тытылма.

- Ара қалай дыбыстайды? (з- з-з) - қатты/жай

Жылының ысылы.

Жылың қалай дыбыстайды? Ыс-с—ыс-сссс...

Шалқан. Шалқан үлкен болып өсіп қалған екен. Оны көрген атай: «О...о...о!» деп таң қалды.

Кім қалай дыбыстайды?

(баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту)

- А, аа, аа, а, а, ааааа (қуанышты дауыспен).

- Ааа, аа, а, а, ааа (аянышты дауыспен).

- А, аа, аааа, а, ааа(таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеніз.

Көбелекті ұшырамыз. Тәрбиеші алдын-ала түрлі-түсті қағаздан кішігірім көбелектер үлгісін дайындайды да, оны жіпке бекітеді. Содан соң балаларға таратып беріп, бұл жаттығудың қалай орындалатынын түсіндіреді. Балалар жіп ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, көбелекті ерін деңгейінде ұстайды. Сол мезетте мұрын арқылы ауа жұтып, ауа ағымын көбелекке қарай, оны «ұшыру» үшін бағыттайды. Жаттығу 1-2 рет қайталанатын. Осы жаттығуды жіпке ілінген «ақшақарларды» да қолданып орындауға болады.

Ыстық сүт (шәй) ішейік. Біз сүтті өте ыстық болғандықтан бірден іше алмаймыз. Сондықтан оны тез суыту үшін көпіршіктерін (бетіндегі қаймағын) итере үрлеп ішеміз. Кәне, ыстық сүтті үрлейік. Жаттығу 2-3 рет қайталанатын.

Футбол ойнаймыз. Балалар екі тең, жұп топқа бөлінеді де, үстелдің екі қарсы бетіне отырады. Аланның ортасына – үстелге – кішігірім мақта бөлігі (доп орнына) қойылады. Балалар кезекпен допты үрлеп, қарсыласының қақпасына кіргізуге тырысады. Қақпа шекарасын қарындаштың көмегімен не басқа да тәсілдермен белгілеуге болады. Кім көп доп енгізсе, сол жеңімпаз атанады. Балалар 1 мин. ойнайды.

Мамыр айы IV апта

Жыл бойындағы өткенді қайталау. Тыныс алу жаттығулары, артикуляциялық жаттығулар.

Артикуляциялық жаттығулары: Тіл бұлшықетіне арналған жаттығулар

1) **Тәтті тосап.** Біз анамыз дайындаған тәтті тосапты жақсы көреміз. Тосап тіл үйіреді. Тосап ерінімізге жұтып қалыпты.

Тілді ерінге қойып, ерінге жұққан тосапты жалап алғандай айналдыра қимылдатады. Бұл жаттығу 2-3 рет орындалады. Тосаптың орнына балды алуға болады.

2) **Көңілді тіл.**

а) Біздің ауызымызда Көңілді Тіл өмір сүреді. Оның үйшігі - ауыз. Көңілді, тентек Тіл бір орында отыра алмайды. Сондықтан ол үйшігінен шығып жан-жағына қарайды. Оң жағына қарайды, сол жағына қарайды.

ә) Көңілді Тіл күнде ертемен далаға шығып, жан-жағына амандасады.

Тілді сыртқа шығарып, ырғақпен оңға –солға, солға-оңға бұрады. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.

3) **Қазы-қарта тураймыз.**

Аузымызды ашып,

бір-бірімізге не айнаға қарайық.

Ауызды апсақ әдемі тістер көрінеді.

Тісіміз өткір, пышақ секілді.

Осы тістердің көмегімен біз ауызға түскен тамақты тістеп, кесіп, бөлшектеп жейміз. Ал тіліміз қазы-қарта секілді ет екен. Ендеше қазы-қарта турайық.

Тілді біртіндеп баяу шығарып, тіспен тістейміз. Туралған қазы-қартаны ауызға саламыз.

Осылайша тіл кері ауызға қайтарылады. 3-4 рет қайталайды.

4) **Саңырауқұлақ:** Саңырауқұлақты елестетейік те, тілімізді таңдайымызға тигізіп, тақылдатпай тіреп тұрайық. Жаттығу 3-4 рет орындалады.

5) **Мысық сүт ішеді.** Мысықтың сүтті тілімен жалап ішетінін көрсетіңдер. Бастапқы қалып.

Мұрттың қара. Мұрттарына тілмен «ине салыңдар». Бастапқы қалып. 3-4 рет қайталанады.

Ерін бұлшықетіне арналған жаттығулар. (Әр жаттығу 4-6 рет орындалады)

Әдемі күлімде. Әдемі баланың күлкісі де әдемі. Қатты дауыс шығарып күлмеген жөн.

Сондықтан әдемі, жымнып қана күлейік.

Ерінімізбен жымнып езу тартамыз, сосын бастапқы қалыпқа келеміз.

Баланың түмсығы: Ерінімізді жұмылдырып, алға сүйірлеп шығарамыз, бастапқы қалып.

Бірден тез күліңдер. Еріндеріңді сүйірлеп алыңдар да, соңынан тістеріңді көрсете отырып,

бірден тез күліңдер. Қакпа Ерінімізді кеңінен ашып, жұмылған тісті (тісті тіске

тигізу) көрсетеміз. Содан соң бастапқы қалыпқа келеміз.

Көбелекті ұшырамыз. Тәрбиеші алдын-ала түрлі-түсті қағыздан кішігірім көбелектер үлгісін дайындайды да, оны жіпке бекітеді. Содан соң балаларға таратып беріп, бұл жаттығудың қалай орындалатынын түсіндіреді. Балалар жіп ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, көбелекті ерін деңгейінде ұстайды. Сол мезетте мұрын арқылы ауа жұтып, ауа ағымын көбелекке қарай, оны «ұшыру» үшін бағыттапты. Жаттығу 1-2 рет қайталанады. Осы жаттығуды жіпке ілінген «ақшақарларды» да қолданып орындауға болады.

Ыстық сүт (шәй) ішейік. Біз сүтті өте ыстық болғандықтан бірден іше алмаймыз. Сондықтан оны тез суыту үшін көпіршіктерін (бетіндегі қаймағын) итере үрлеп ішеміз. Кәне, ыстық сүтті үрлейік. Жаттығу 2-3 рет қайталанады.

Бекітемін _____
«Балдырған» бөбекжайы КМҚК
Директоры Б.А.Туребаева



Логопедтің жартылай топтық сабағына арналған жоспары




Логопедпен әңгімелесу.

ОЙЫНШЫҚТАР.




Балаға айтып түсіндір.

- Суретке қарап ойыншықтардың атауларын ата



«Үлкен – кіші»

Доп үлкен, кішкентай екенін айырып жаз.




«Тез ата».

Ойынның шарты: қолдарыңызға біраз ойыншықты алып /3-5/ атауларын ата. Бала көзін жұмғанда сіздер бір ойыншықты аласыз /немесе біреуін қосасыз/. Бала көзін ашқан кезде не өзгергенін айтады. Ойынды үш-төрт рет қайталаңыз.



Мына шарларды дұрыс боя.





КҮЗ.



Балаға айтып түсіндір.

- Балаңызға күз туралы әңгімелеңіз.
- Күзде табиғатта қандай өзгерістер бар.
- Күз мезгілінде бау бақшада не өседі.



Суретке карап әңгімеле.



**Дидактикалық ойын
не білді»**

«Кім

Күз қандай?.....

Күзде жапырақтардың түсі қандай?.....

Күзде ауа-райы қандай?.....

Күзде адамдар қалай киінеді?

Далада не жауады?

Жаңбыр жауғанда қолымызға не ұстаймыз?

.....



Жаттап ал.

«Күз»

Шаттандырып біздерді,


Шат-шадыман күз келді.

Шатыр тікті сары алтын,

Шартараптың бәрі алтын.



Жапырақтарды дұрыс боя.






Көкөністер.



Балаға айтып түсіндір.

- Балаңызға көкөністер туралы әңгімелесіңіз.
- Суреттегі көкөністерді дұрыс ата.



Дидактикалық ойын «Кім не біледі»

Көкөністер қайда өседі?.....

Тағы қандай көкөністі білесің?

Көкөністі біз қандай тамаққа қосамыз?



Жаттап ал.

*Өсіретін бойыңды,
Өсіретін ойыңды.*

*Қоянға да азықтың,
Сәбіздерміз жазықтың.*




«Бұл не және қандай?»

Сәбіз қандай (түсі, пішіні, дәмі, қайда өседі)?.....

Қызанақ қандай(түсі, пішіні, дәмі, қайда өседі)?.....

Қияр қандай (түсі, пішіні, дәмі, қайда өседі)?.....

Картоп қандай (түсі, пішіні, дәмі, қайда өседі)?.....



Мында неше көкөністер бар, атауын дұрыс тауып боя.

.....
.....
.....





Жемістер.



Балаға айтып түсіндір.

- Балаңызға жемістер туралы әңгімелеңіз.
- Қандай жемістерді білесіздер.
 - Атауларын дұрыс ата.
 - Жемістер қайда өседі.
 - Олардан не жасаймыз.



Суретке қарап әңгімеле.

- Балалар бақта не істеп жүр?
- Олар не жинап жатыр?



«Аз, көп».

- Алма – алмалар
- Алмұрт –
- Банан –
- Апельсин –
- Лимон –



Дұрыс ата.

- Алма қандай (түсі, пішіні, дәмі, қайда өседі)?.....
- Алмұрт қандай (түсі, пішіні, дәмі, қайда өседі)?.....
- Лимон қандай (түсі, пішіні, дәмі, қайда өседі)?.....



Жаттап ал.

«Алмұрт»


*Мен алмұртпын, алмұртпын,
Аузындамын бар жұрттың.*

«Алма»

*Мен алмамын, алмамын,
Таңдай жұлар бар дәмім.*



Жемістерді дұрыс тауып, суретті боя.






Дене мүшелері.



Балаға айтып түсіндір.

- Мына суретке қарап балаларыңызбен сөйлесіңіздер.
- Мына дене мүшелерін атап, көрсетіп жазыңдар.



«Дұрыс айт»

Мына дене мүшелерімен не істейміз?

Мысалы: мұрынымызбен дем аламыз.

Тісімізбен _____

Аяғымызбен _____

Басымызбен _____

Қолымызбен _____



«Айтып жасап, жатта»

Көзімді мен жұмамын, жұмамын,
Көзімді мен ашамын, ашамын,
Аузымды мен ашамын, ашамын,
«А» дыбысын айтамын, айтамын.



Екіден сенде не бар? Тап.

Балаларға өз бойларынан қандай дене мүшелері екіден екінен көрсетуін, айтуын сұрайды. Мысалы: екі КӨЗ,.....



Біз не үшін қолымызды жуамыз? Қашан, не істегенде?



Баланың жазыңыз.....

жауабын



Киімдер.



Балаға айтып түсіндір.



Мына киімдердің атын дұрыс ата.

Жаксы көретін киімінді жаз..



Бірге жаттау.

Ма-ма-ма кара пима.

Он-он-он жылы тон:

Шын-шын-шын әдемі құлақшын.

Ғап-ғап-ғап тоқылған қолғап.



«Көп, аз»

Көйлек – көйлектер

Шалбар –


Жейде –

Құлақшын –

Тон -



Көйлекті дұрыс боя.





Аяқ киімдер.



Балаға айтып түсіндір.

- Бізге неге аяқ киім қажет, оны неден жасайды.



Суретке қарап аяқ киімдердің атауларын дұрыс ата.

(өкше, бау, қоныш, замок, табан, бас)



«Сөз тауып есте сақта»

Етік қандай?.....

Пима қандай?

Бәтенке қандай?

Туфли қандай?.....



Дидактикалық ойын «Сөзді қайтар» (доптен)



Баламен допты лақтыра отыра киімдерді, аяқ киімдерді атай отырып допты бір-біріне

береді. _____



Ыдыстар.




Балаға айтып түсіндір.

- Балаңызға ыдыстар туралы түсінік беріп, оларды қайда қолданатынымызды айтып түсіндіріңіз.



Суреттегі ыдыстардың атауларын ата.



«Аз, көп»

Пышақ-пышақтар

Қасық –

Тәрелке –

Ожау –

Кесе –

Шанышқы -



Жұмбақ шешу

*Өткір жүзді келеді,
Өте қажет құрал ол.*

*Тұтас затты бөледі,
Ұсақтап та тұрар ол.*



Дидактикалық ойын «Кім тез»

Допты бір-біріне бере отыра, ыдыстарды атау.



Суретке қарап сұраққа жауап бер. Суретті боя.

Ана не істеп жатыр?.....

Қасында қандай ыдыстар бар?

Суретте қандай бөлме бейнелеңген?

Ана қолында не ұстап тұр?






Үй жануары. Мысық.



Балаға айтып түсіндір.

Суретке қарап мысықтың дене мүшелерін ата.



Есте

Мысық - мияулайды, пырылдайды.

Мысық - марғау, үй жануары.

сақтайық!



Тақпақ жаттау.

«Мысық»

Мысық көзін

ашты да,

Сүртті бетін қолымен.

Кім білсін, қарны ашты ма,

Жуынды ата жолымен.



«Ойлап, тап» Мысық не істеп жатыр.



Ойын «Айнытпай сал»

Олай-былай жүзгіріп,

Ала мысық ойнамай,
Аша алмаса есікті,
Дыбыстайды ол қалай?.....



Дұрыс боя.





Үй жануары. Ит.



Балаға айтып түсіндір.

- Суретке қарап иттің дене мүшелерін ата.



Ит үй жануары, иттің баласы күшік.



Бірге жаттайық.

«Күшік»

Күшігім өсіп ит

болды,

Түнде тынбай үреді.

Адал досын қасымнан,

Қалмай бірге жүреді.



Есте сақта.

Ит үреді, арсылдайды, ырылдайды.

Күшік шәуілдейді.



Ойын «Айықпай сал»

Күзетші күшік сақ құлақ,

*Үй күзетіп шатқылап. **

Дыбыс шықса қаттырақ,

Қалай-қалай үреді?.....



Жүмбақты шешіп, суретті дұрыс боя.

Адамға
серік,



Күзетке берік.
(.....)





Қыс.



Балаға айтып түсіндір.

- Суреттегі қыс қызығын қызықтау, әңгімелеу.
- Сөз қорларын дамыту. Қыста далада /суық, боран, қар, аяз/.
- Суретке қарап қыстағы ойындарды атап жаз.





Жұмбақ шеш.

*Қыста ғана болады,
Ұстасаң қолың тонады.*

(.....)



Дұрыс ата.

Қыс қандай?.....
Қар қандай?
Қардың түсі қандай?
Қыста ағаштар қандай?.....




Жаттап ал.

«Қыс»

*Қандай суық қыс деген?
Қалтырайды құс деген.
Құлақшынды кимесең,
Құлағынды тістеген.*



Суретті атап, дұрыс боя.





Жабайы аң. Түлкі.



Балаға айтып түсіндір.

- Балаңызбен мына жұмбақты шешіңіз.

Өзі айлакер,

Өзі бір қу,

Жүрген жері айқай да шу

(.....)



Суретке карап түлкіні әңгімеле. Түлкінің дене мүшелерін дұрыс ата.



«Кім не біледі?»

Түлкі қалай тіршілік

етеді?.....

Түлкіні қу деп неліктен айтамыз?.....

Түлкі қайда тұрады?.....

Түлкі терісінен не жасаймыз?.....

Түлкіні қандай ертегілерде кездестіреміз?.....



«Буын ұйқас»

- кі, кі, кі.... қу түлкі.
- ян, ян, ян,... қалқан құлақ қоян.
- қыр, қыр, қыр... көкжал қасқыр.
- ю, ю, ю.... аңқау аю.





Жабайы аң. Қоян.



Балаға айтып түсіндір.

- Балаңызбен мына жұмбақты шешіңіз.


Көлеңкесінен қорқып безектейді,

Ал оның баласын көжсек дейді.

(.....)



Суретке қарап қоянның дене мүшелерін жаз.



Суретке қарап әңгімелеп айтып жаз.

- ❖ Қоян не істеп тұр?
- ❖ Қоян не жегенді жақсы көреді?





Жаттап ал.

Ұзын құлақ сұр қоян
Естіп қалып сыбдырды.

Ойлы, қырлы жерлермен,
Ытқып, ытқып жүгірді.



Суреттегі қоянды жалғастырып сал.









Жабайы аң. Қоян.



Балаға айтып түсіндір.

- Балаңызбен мына жұмбақты шешініз.


Көлеңкесінен қорқып безектейді,

Ал оның баласын көжсек дейді.

(.....)



Суретке қарап қоянның дене мүшелерін жаз.



Суретке қарап әңгімелеп айтып жаз.

- ❖ Қоян не істеп тұр?
- ❖ Қоян не жегенді жақсы көреді?



Жабайы аң. Аю.



Балаға айтып түсіндір.

- Мына суретке карап әңгімеле. Дене мүшелерін дұрыс ата.



«Кім не біледі?»

Аю қалай тіршілік етеді?.....

Аю немен қоректенеді?.....

Аю қыста не істейді?.....

Аюдың баласын қалай атаймыз?.....



Жұмбақ шешейік.

Қыс бойына жатады,

Тәтті ұйқыға батады.

(...)

Есте сақта!

Аю қыста ұзақ ұйқыға кетеді. Қонжық аюдың баласы.



«Бірге ойнайық»

Ормандағы аю, қонжық ұялардан бал іздеді.

Мойындарын оңға бұрды, мойындарын солға бұрды.

Орман ішін аралады, ағаштарды шайқап көрді.

Оңға бір, солға бір, ағаштарды байқап көрді.

Аяқтарын көтеріп ап, қуанғаннан билей берді.

Оңға бір, солға бір қуанғаннан билей берді



Үй жануары. Ат.




Балаға айтып түсіндір.

- Ат әдемі, үлкен үй жануарының бірі. Адамдар оны күтеді.
- Жылқының төлін қалай атаймыз?
- Жылқы бізге не береді?
- Қандай көмек көрсетеді?



Суретке қарап дене мүшелерін дұрыс ата.



Жұмбақ шешейік.

*Мінсең желдей жүйткейді,
Көңілің таудай өседі.
Алып ұшар алысқа,
«Ер қанаты» деседі.*

(.....)

Карымова Бәнип

Тексерген:




Тақпақ жаттаймыз.

*«Құлыншақ».
Құру-құру құлыншақ,
Жем-шөбіңді берейін.
Тұлпар болшы өскенде,
Бәйгеге қосып жүрейін.*



Суретке анықтап қара. Бұл суретте не жетіспейді? Соны салып, дұрыстап боя.






Үй жануары. Сиыр.



Балаға айтып түсіндір.

- Балаңызбен суретке қарап сиыр туралы әңгімелеңіз.
- Сиырдың төлін дұрыс ата.



«Кім не біледі»

- Сиыр не жейді?.....
- Сиырдың төлін не дейміз?
- Сиыр қайда тұрады?
- Сиыр қандай дауыс шығарады?




Бірге жаттайық.

«Баласын сүю».

*Сиыр сүйеді баласын «торпағым» деп,
Қараңғыда баспаған «қорқағым» деп.*



Суретті дұрыс боя, дене мүшелерін дұрыс ата.





Үй құстары.



Балаға айтып түсіндір.

- Балаңызбен үй құстары туралы әңгімеленіз.
- Үй құстарын ата.
- Олар немен қоректенеді.
- Үй құстарының қайсысы суда жүзе алады.
- Үй құстарының адамға қандай пайдасы бар.
- Үй құстарын қалай күтіп баптау керек.



- Балапандардың түсі қандай болады.

Суретке қарап әңгімеле. Үй құстарының атауларын дұрыс



ата.



«Не, қалай дауыстайды?»

Әтеш шақырады, тауық қыт-қыттайды, қаз қаңқылдайды, балапан шиқылдайды.



Балапандар ойыны.

• Қолдарын жоғары, төмен екі жанына сермеу. Балапан сияқты секіру. Мойындарын алға созып, қолдарын артқа жіберіп, су ішу.




Бірге жаттайық.

«Ақ тауық»

Ақ тауық – ай, ақ тауық,
Ақ тауық неден қақсауық.
Ертеменен қыт-қыттайды,
Ауламыздан шықпайды.
Шеп-шеп десем келмейді,
Берген жемді жемейді.



Суреттегі балапандарды дұрыс боя.



тауық балапаны

үйрек балапаны






Үй жиһаздары.



Балаға айтып түсіндір.

- Суретке қарап жиһаздарды әңгімеле. Атауларын дұрыс ата.



«Айтайықшы!»

Сен қайда
отырасың?.....

Сен қайда
ұйықтайсың?.....

Сенің киімдерің қайда
тұрады?.....

Орындықтың аяғы
нешеу?.....

Есте сақтайық!

*Бөлме де таза, мен жақсы бала.
Жиһазды жаза, сен кіріп қара.*




Ойын «Дұрыс жасай біл»

Жиһаздарды атасам, қол соғамыз, ал басқадай заттарды
естісеңдер қолымызды көтереміз.



Жиһаздардын атауларын атап, дұрыс боя.





Аналар мерекесі.



Балаға айтып түсіндір.

- Суретке карап балаңызға мереке туралы әңгімелеңіз.
- Кімді мерекемен құттықтаймыз?



- Бұл қандай мереке?



Анамызға жылы сөз айтамыз.

Менің анам қандай?

әдемі



Бірге жаттайық

Ана менің жүрегім.

Ана менің тілегім.

Аман болшы анашым


Өмірдегі тірегім.

Кім не біледі?

- 8-ші наурыз кімдердің мерекесі?.....
- Анамызға не сыйлаймыз?.....
- Мерекеде анаңа қалай көмектесесің?
.....



Жиһаздардың атауларын атап, дұрыс боя.







Мына гүлді бояп анана сыйла.






Көктем.



Балаға айтып түсіндір.

- Мына суретке қарап көктемді әңгімеле.
- Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады.
- Көктемде адамдар қалай киінеді?
- Құстар неге суық жақтан ұшып келеді?



Сөйлемді жалғастыр.

Қар.....

Күн.....

Құстар.....

/келді, жылынды, еріді/



Ойын «Құс»

Көктем келді, құс келді *(шеңбер бойымен жүреді)*

Ойнаймыз біз саз илеп *(тоқтап шеңбердің ортасына қарайды)*

Біздің көлге түсті енді *(қалдарын екі жаққа жайып)*

Былыр кеткен қаз үйрек *(ұшқан қаз үйректі бейнелейді)*



Суретті сызық бойынша дұрыс боя.



Blank lined area for writing or drawing.


Наурыз мерекесі.

Балаға айтып түсіндір.

- Наурыз жыл басы, көктем мейрамы. Оны тойлап жатқанда айнала тегіс көгеріп, талдар бүршік жарып, құстар сайрап, жер беті құлпырады. Наурыз мерекесінде «наурыз көже» дайындалады, дастархан жайылады.

- 21-ші наурыздан 22-ші наурызға қараған күні күн мен түн теңеледі.

Суретке қарап әңгімеле.



Наурыз көжеге қосылтын тағамдарды атайық, саны қанша болу керек? (бидай, күріш, тары, ет, шұжық, құрт, көже).

Есте сақтайық.

- Наурыз жыл басы, Ұлыстың Ұлы күні.
- Адамдар бір-біріне табыс, бақытты өмір тілейді.


Бірге жаттайық.

«Наурыз»

*Кел балалар ойнайық,
Наурыз тойын тойлайық,
Наурыз келді тамаша,
Ән айтайық таласа.*



Оюды дұрыс боя.



Көліктер

Балаға айтып түсіндір.

- Көліктердің атауларымен таныстыру.
- Бізге көліктер не үшін қажет.
- Суреттегі көліктердің атауларын дұрыс ата.



Жұмбақты шеш.

Арқасында ауыл жүр,

Ала тайым шауып жүр. (.....)

Сымға асылып, жүр асығып (.....)

Тізбектелген көк үйлер,



Көшіп жүрген көп үйлер. (.....)

Жауаптары: троллейбус, автобус, пойыз.



Дұрыс ата

Суретте машиналар қалай орналасқан, жауабын тауып дұрыс ата.



Дыбыстық жаттығулар.

Бала машинамен ойнағанда қандай дыбысты айтады?




Пойыз рельспен жүргенде қандай дыбыс шығарады?

Ту Ту



Көліктің жетпей тұрған бөлігін дұрыс сал. Ол қандай бөлік?





Жаз.




Балаға айтып түсіндір.

- Балаға далада жаз мезгілі келгені туралы түсіндіріңіз.
- Жаз айында ағаштар гүлдеп, орман жасыл түске боялып, қырда көптеген өсімдік гүлдер өсетінін айтып түсіндіріңіз.



Суретке қарап сұрақтарға жауап бер



- Қандай жыл мезгілі келді?.....
- Жаз айында ағаштар мен шөптердің түсі қандай?.....
- Жазда орманда нелер көп?.....
- Жазда аспан қандай?.....
- Балалар не істеп жатыр?.....




Бірге жаттайық!

*Балақай-ау балақай,
Жаз келеді-ау алақай.
Жалаң аяқ жүреміз,
Балақты да түреміз.
Тайға мініп келеміз,
Алтыбақан тебеміз.*



Суреттегі гүлді дұрыс боя.



Артикуляциялық жаттығулар



«Тісті тазалау»

Күлеміз, аузымызды сәл ашып,
Тілдің ұшымен оңға, солға қозғалтып
тістердің ішкі жағынан үстіңгі тістерді
тазалаймыз.



«Тәтті тосап»

Күлеміз, аузымызды ашамыз. Жалпақ тілмен
жоғары және астыңғы ерінді жалаймыз.



«Кесе»

Ауыз кең ашық. Жалпақ тілді жоғары тіске
қарай көтеріп 10-15 секунд ұстап тұру керек.
Бірақ тіл тіске тимеуі керек.



«Сылақшы»

Күлеміз, аузымызды кең ашып, жалпақ
тілдің ұшымен тістен тамаққа қарай
бағытын өзгерте отырып жұмсақ
таңдайды сипаймыз.



«Ашуланған мысық»

Аузымыз ашық, тілдің ұшы алдыңғы,
төменгі тістерге тірелген.



«Саңырауқұлақ»

Күлеміз, аузымызды кең ашып, жалпақ тілді таңдайға жапсырып ұстап тұру.



«Сағат»

Ауыз ашық, тіліміздің ұшын ерініміздің екі жағына кезек-кезек апарамыз.



«Тарақ»

Күлеміз, тілімізді шығарып, тісімізбен тілімізді басып, тілімізді алдыға-артқа тараймыз.



«Піл»

Ернімізді жауып тұрып, алға қарай созамыз, піл тұмсығын көрсетеміз



«Бақа»

Күлеміз, тістерімізді көрсетіп ерінімізді екі жаққа керіп күлеміз.



«Футбол»

Ауыз жабық. Тілімізді ұртымызға батыра тигіземіз.



«Әткеншек»

Ауыз ашық. Тілді қатайтып ұстау арқылы мұрын және иек немесе жоғарғы-төменгі тіске созу.



«Маса»

Күлеміз, аузымызды ашамыз, тілімізді жоғары көтеріп «дзззз» дыбысын ұзақ созып айтамыз.



«Күркетауық»

Күлеміз, ауызды сәл ашып, жалпақ тілді үстіңгі ерінге қойып, еріннен тілді айырмай алдыға және артқа жалпақ тілдің басымен үстіңгі ерінді сипаймыз.



«Ат шауып келеді»

Күлеміз, аузымызды ашамыз, тілдің ұшып таңдайға апарып тақылдатамыз.

